



**«ТУРАН» УНИВЕРСИТЕТІ**

**Б.М. ДЕМЕУОВА**

**ТУРИЗМ ТАРИХЫ**

**Оқу-әдістемелік құрал**

**Алматы  
2020**

ӘОЖ 379.85  
КБЖ 75.81  
Д30

Баспаға «Тұран» университетінің Ғылыми кеңесі ұсынған  
(09.04.2020 ж. № 11 хаттама)

Демеуова Б.М.  
Д30 Туризм тарихы: Оқу-әдістемелік құрал/ Б.М. Демеуова – Алматы:  
«Тұран» Университеті, 2020. – 56 б.

© Демеуова Б.М., 2020  
© «Тұран» Университеті, 2020

## МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ	4
I. ТУРИЗМ ТАРИХЫНЫҢ НЕГІЗГІ СИПАТТАМАСЫ	5
1.1 Туризм тарихының нысаны мен пәні	6
1.2 Туризм тарихының мақсаттары мен міндеттері	6
1.3 Туризм тарихын зерттеудің тәсілдері	7
II. ТУРИЗМНІҢ ДАМУ ТАРИХЫНЫҢ КЕЗЕҢДЕРІ	9
2.1 XVIII ғасырдың соңына дейінгі туризм. Ежелгі туризм	9
2.2 Орта ғасырлар мен қайта өрлеу дәуірі кезеңіндегі туризм	11
2.3 XVII және XVIII ғасырлардағы туризм	13
2.4 XIX – XX ғасырлардағы – Екінші Дүниежүзілік соғыстан кейінгі туризм	14
2.5 Екінші Дүниежүзілік соғыстан кейінгі туризм. Қазіргі замандағы туризм.	17
III. БҰРЫНҒЫ КСРО-ДА ТУРИЗМНІҢ ДАМУЫ. РЕСЕЙДЕГІ ТУРИЗМНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ (XVIII-XX ғғ.)	20
3.1 Ағартушылық кезең (XIX ғасырдың 90 жылдарына дейін)	20
3.2 Кәсіпкерлік кезең (1890-1927 жж.)	22
3.3 Ұйымдастырушылық-орталықтанған кезең (1927-1969 жж.)	24
3.4 Әкімшілік-нормативті кезең (1970-1990 жж.)	25
3.5 Өтпелі кезең (1990 ж. бастап)	26
3.6 КСРО-дағы туризм мен экскурсиялар. 1917-1927 жж. туристік-экскурсиялық жұмыс	27
IV. ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТУРИЗМНІҢ ДАМУ ТАРИХЫ	31
4.1 Қазақ КСР-да туризмнің даму тарихы.	31
4.2 Қазақстан Республикасында туризмнің даму кезеңдері	33
4.3 Әлемдік туризм дамуының кезеңдері	36
4.4 Халықаралық туризмнің жүйе ретіндегі анықтамасы, негізгі түсініктері, терминологиясы	38
4.5 Туризм тарихын географиялық тұрғыдан оқу	44
4.6 Туристік ұйымдардың түрлері	47
Ағымдық бақылауға арналған тақырыптар бойынша дайындық сұрақтары	53
ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:	55

## КІРІСПЕ

Адамзат пайда болғалы қанша уақыт болса, туризмнің пайда болу тарихына да сонша болды. Миллиондаған туристер, жас және егде адамдар, жалғыз және топпен, әртүрлі қабілеттегі және әртүрлі кәсіппен айналысатын өкілдер жаңа әсерлер іздеп әртүрлі жыл мезгілдерінде саяхаттайды. Саяхат – бұл көне және сыйымдылығы кең ұғым. Дальдің В.И. сөздігі бойынша, саяхат бөтен жерлерге бару дегенді білдіреді. Адамзатқа бүкіл көп ғасырлық тарихында сауданы дамыту, жаңа жерлерді жаулап алу мен игеру, ресурстарды іздеу мен жаңа көлік жолдарын іздестіру мақсаттарында әлемді танып-білу және жаңалықтар ашуға ұмтылыс тән. Бізге тарихтан ұлы жаңа континенттер мен жерлерді ашқан саяхатшылардың есімдері жеткен, географиялық және басқа білімнің керемет жүйелерінің негіздері қалған. «Туризмнің тарихы» пәнін оқу қазіргі жағдайда әлем туризмі дамуының негізгі кезеңдері туралы білуге мүмкіндік береді. Туризмнің терең тарихи тамыры бар. Алғашқы туристік ұйымдаспаған сапарлар шектеулі болды, олар негізінен сол кездегі қажеттіліктер және мүмкіндіктермен байланысты болған, нақтырақ айтқанда, қажылық жасау, емделу, сауда және білім алу. Сапар жасауға тек қоғамда жоғары орын алатын адамдардың ғана мүмкіндіктері болды. Сол кездегі туризмнің ерекшелігі элитарлылық пен өзінділік болған. Туризм саласындағы әйгілі ағылшын мамандары туризмнің бастауын емделу мақсатындағы сапарлар қалаған деп есептейді. Және алғашқы туристік ұйымдар білімдік сипат алды. Шындығында да, бұл кезең «аристократтық» туризм деп аталатын туризмнің дамуымен сипатталады. Яғни шетелдік сапарлар халықтың ауқатты бөлігіне ғана қол жетімді болды. Қазіргі кезде әлемдік туризм дамуының төрт негізгі тарихи кезеңдерін бөліп қарастырады. Бұлай бөлудің негізінде мынадай критерийлер жатады: әлеуметтік және экономикалық алғышрттар, туризмнің функциялары. Бұл оқулықта туризмнің пайда болуы мен дамуының негізгі кезеңдері қарастырылады. Ежелгі заманда және ортағасырларда туризмнің пайда болуы тарихы сипатталады. XVII-XVIII ғғ. мен XIX-XX ғғ. туризмнің дамуы тарихы келтірілген. Қазақстандағы туризмнің қалыптасуы мен даму кезеңдері де беріледі. Жоғары оқу орындарында оқитын студенттерге арналады. Бұл оқулықты оқығаннан кейін студент мыналарды біле алады: - әлемдік туризмнің даму кезеңдерін; - дүние жүзінде туризмнің тарихи дамуын; - туризм дамуының хронологиясын; - туризм географиясының даму тарихын; - халықаралық туризмнің қазіргі жағдайы мен Қазақстан Республикасында туризмнің даму тұжырымдамаларын.

## I. ТУРИЗМ ТАРИХЫНЫҢ НЫСАНЫ МЕН ПӘНІ

Туризм тарихы деп жекелеген тұлғалар мен әлеуметтік топтардың өз еркімен әртүрлі жерлерге баруымен және олардың өмір сүру ырғағы мен қоршаған ортаның өзгеруімен байланысты болып келетін кеңістіктегі қозғалыс үрдістерінің жиынтығын айтуға болады. Туризм тарихын қарастыру үшін оның оқып зерттеу нысаны мен пәніне, мақсаты мен міндеттеріне сипаттама беру қажет. Туризм тарихының нысаны уақытша және кеңістіктік дамудағы туризм элементтерінің жиынтығы немесе тарихи-мәдени және тарихи-әлеуметтік құбылыс (немесе феномен) ретінде туризмнің пайда болуы мен қызмет етуі болып табылады. Бір нысанды әртүрлі ғылыми пәндер зерттеуі мүмкін. Олар зерттеу нысанына әртүрлі жағынан келеді, яғни оқып зерттеу пәні әртүрлі болып келеді. Курстың пәні болып баратын жерлері мен өмір ырғақтарын өз еріктерімен уақытша өзгертетін, барған жерінің қоршаған ортасымен жеке байланыс орнататын жекелеген тұлғалар мен әлеуметтік топтардың қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін пайда болатын әлеуметтік-мәдени институттар формаларының даму заңдылықтарының шеңбері қарастырылады. Бұндай институттардың құрамына тұлғалар мен әлеуметтік топтардың қозғалыс құралдары мен жолдары, олардың жаңа жерлерге барған кездерінде қауіпсіздік қызығушылығын, тұрмыстық жағдайларын қамтамасыз ету құралдары, туризмге қатысты заңнамалар кіреді. Тарихи дамудағы туризмнің жекелеген элементтерін әртүрлі пәннің өкілдері өздерінің көзқарастары бойынша зерттеуі мүмкін. Әлемнің елдері туралы ғылыми түсініктер мен білімдердің дамуын география тарихы оқып зерттейді. Ал теңіздер мен мұхиттарды және оларда жүзуді зерттеудің дамуын – теңізде жүзу тарихы, көлік құралдарының дамуы мен кеңістікте қозғалу үшін жануарларды пайдалануды – көлік тарихы, қатынастың құрлықтық жолдарының дамуын – жол ісінің тарихы зерттейді. Туризмді реттейтін заңдылықтардың дамуын құқық тарихы зерттесе, ал туристердің көргісі келетін тарихи және мәдени ескерткіштердің дамуын, олардың шоғырлану орындарын, табиғат нысандарын мұражайлық істің тарихы оқып зерттейді. Зерттеу мақсатындағы саяхаттардың тарихы географиялық білім тарихын оқып зерттеудің, нақты бір жекелеген жердің тарихи өткені туралы, оның табиғаты, экономикасы, тұрғындарының тұрмысын зерттеу пәні болып табылады. Жолда алған әсерлерін, саяхаттардың, жергілікті салт-дәстүрлердің сипаттамасын, оқырманға аз белгілі елдер, жергілікті жерлер, халықтар туралы жаңа мағлұматтарды қамтитын саяхатшылардың жазбалары мен күнделіктерін әдебиет тарихы зерттейді. Бұл жазбалар сонымен бірге, туризм тарихы бойынша қайнар көз болып табылады. Бірақ та, әдебиет тарихында бұл жанрға болған саяхаттар суреттемесіне қарай жазылған және қосымша идеялық-көркем міндеттерге (қызық оқиғалы, утопиялық, философиялық) бағындырылған ойдан жазылған кезбе-

саяхаттардың да тарихы жатады. Осы айтылғандардан көретініміз бұл пәндердің әрқайсысының туризм тарихын оқып зерттеу пәнінен айрықшаландыратын өзінің оқып зерттеу пәнінің бар екенін көреміз

### **1.1 Туризм тарихының мақсаттары мен міндеттері**

Біріншіден, бұл оқу курсының басты мақсаттары мен міндеттерін анықтау қажет. Ең алдымен – бұл жекелеген тұлғалар мен әлеуметтік топтардың өз еркімен уақытша баратын орындарын ауыстыруының әлеуметтік, психологиялық және мәдени функцияларының дамуының жалпы суреттемесін қайта қалпына келтіру үшін туризм дамуының негізгі кезеңдерін зерттеу. Сонымен қатар, туризм тарихының қайнар көзін зерттеу болып табылады. Бұл мақсаттарға келесідей міндеттер бағындырылған: - туризм дамуының алғышарттары мен жағдайларын ашып көрсету және оның кезеңдерін негіздеу;

- адамзаттың қоғамдық және мәдени дамуымен байланысты туризм дамуының негізгі кезеңдерінің мазмұнын ашу;
- әртүрлі уақыттарда әлемнің жекелеген аймақтарында туризм дамуының заңдылықтарын талдау;
- әртүрлі аймақтарда әртүрлі уақыттарда туризмге қандай әлеуметтік топтардың өкілдері қатысқанын анықтау;
- туризмді қамтамасыз ететін мекемелер мен заңдылықтардың қызметін зерттеу;
- әртүрлі тарихи кезеңдерде туризм тарихының көздерін зерттеудің ерекшеліктерін қарастыру;
- туризм тарихын ары қарай зерттеудің негіздерін қою, оның қарастырылған мәселелерін қорытындылау және білімнің осы саласында арық қарай зерттеуге талпыныс беру.

Курстың міндетінің бірі – студенттерге өткен уақыттағы туризм дамуының әртүрлі заңдылықтарын анықтаудағы туризм тарихын оқып зерттеуді жеңілдету, қазіргі кезде болып жатқан үрдістермен салыстыру, туризм дамуының ары қарай жолын анықтау.

### **1.2 Туризм тарихын зерттеудің тәсілдері**

Туризм тарихын зерттеуде тарихи ғылымда қолданылатын дәстүрлік тәсілдер қолданылды. Олардың арасында тарихи-генетикалық, тарихи-салыстырмалы, тарихи-ретроспективті, тарихи-типологиялық және басқа да тәсілдерді айтуға болады. Тарихи-генетикалық тәсіл оқып зерттелетін жағдайдың сапалы тұрақтылығының шегін белгілеумен болатын құбылыстардың қозғалысын және өзгерістерді көрсетуді біріктіреді. Ол

дамуды талдауға бағытталған және ол жалпы және ерекше сипаттамаларды құрамына енгізуі тиіс, бірақ суреттеуге тартады, әзірленген логикасы мен ұғымдық аппараты болмайды. Оның әдістемесі белгісіз әрі айқынсыз. Бұл тәсілді тарихи-салыстырмалы тәсілмен біріктіруге болады. Бұл тәсіл әртүрлі құбылыстардағы сипаттардың ұқсастықтарын ашады және қоғамның тарихи дамуының қайталанғыш және ішкі шартталған сипатының болатынына негізделеді. Тарихи-ретроспективті тәсіл қайта құру тәсілі ретінде қарастырылады және қазіргіден өткенге, салдарынан себебіне бағытталған. Бұл тәсіл үрдістердің әртүрлі стадияларын түсінуге және зерттелетін оқиғаның мәніне тереңірек кіруге мүмкіндік береді. Тарихи-типологиялық тәсіл қарастырылатын құбылыстар мен объектілерге тән жалпы белгілер негізінде объектілер мен құбылыстар жиынтығын сапалы түрдегі белгілі бір топтарға жүйелі түрде бөлуді мақсат етеді. Тарихи-жүйелік тәсіл әртүрлі деңгейдегі тарихи жүйелердің қызмет етуін тек қана себепті шартталған ғана емес, сонымен бірге функционалды байланысқан жекелеген оқиғалардың, фактілердің, құбылыстардың мен тарихи үрдістердің түрі ретінде қарастырады. Тарихи-мәдени тәсіл жеке адам тұлғасының, оның ұмтылыстарымен, сенім-нанымдарымен, қызметімен бірге әлеуметтік-психологиялық зерттеуге назар аударады. Бұнда белгілі бір мақсаттарды көздеген атақты тұлғалардың да, қатардағы адамдардың да қызметін, олардың қоршаған әлемге қатынасын зерттейді. Бұл тәсіл тарихи үрдіске тартылған адамдардың биографиясын зерттеуді қамтиды. Тарихшы М.Блок былай деп айтқан: «нағыз тарихшы ертегідегі адам жегішке ұқсас. Қай жерде адамзаттың иісі шығатын болса, сол жерде оны олжа күтіп тұратынын білген.» Өткендегі туристердің биографиясын зерттеу туризм тенденцияларын талдауға мүмкіндік береді, бұл дамудың мүмкін болатын болашақтағы бағыттарын анықтауға мүмкіндік ашады.

### **1.3 Туризм тарихы курсы кезеңдестіру және құру**

Туризм тарихы үрдісін ойластыруға және оны ғылыми жалпылаудың ішкі заңдылықтары мен мүмкіндіктерін анықтауды жеңілдетуге кезеңдестіру көмектеседі. Кезеңдестіру деп үрдістердің сапалы дамуына сәйкес тарихи уақытты бөлу айтылады. Бұл жалпы адамзаттың, қандай да бір аймақтың, елдің туризмінің қалыптасу және даму кезеңдерінің негізгі мазмұнының анықтамасы. Туризм тарихын кезеңдестіру үшін оның негізіне нелерді қарастыру қажет екенін шешіп алу қажет. Яғни, тарихи үрдісті жекелеген кезеңдерге бөлудің критерийін құру қажет. Туризм қоғамдық, шаруашылық және кеңістіктік құбылыс ретінде ежелгі замандарға терең кең тамыр жайған мол дәстүрге ие. Туристік әдебиеттерде туризмнің дамуын кезеңдерге бөлу жайында көптеп айтылады. Әсіресе, В.Унцикер мен Дж.Мариотти секілді ғалымдардың ортақ еңбегінде. Туризм тарихы

бойынша кітаптарда келесідей кезеңдестірулер ұсынылады. «Туризм тарихы» (Рим, 1958) атты Дж.Мариоттидің кітабында көнедегі туризм (Греция мен Рим), ортағасырдағы туризм, жаңа замандағы туризм (XV-XVIII ғғ.), XIX ғ. және қазіргі кездегі туризм қарастырылады. Л.П. Воронкова («Туризм тарихы: оқу құралы». – М.: МПСИ, 2001) көне саяхаттар мен қонақжайлылық дәстүрлерінің тарихы, ортағасырлық мәдениеттегі саяхаттар, ұлы географиялық ашылулар кезеңі, XV I-XVIII ғғ. еуропа мәдениетіндегі саяхаттар мен қонақжайлылық дәстүрлері, XIX ғ. қонақжайлылық және туризм индустриясының дамуы, XX ғ. туризмнің дамуы, XXI ғ. қарсаңындағы халықаралық туризм деп бөліп қарастырады. М.В. Соколова «Туризм тарихы» кітабында келесідей кезеңдестіруді ұстанады: көнедегі саяхаттар, ортағасырдағы жорықтар мен саяхаттар, жаңа замандағы туризмнің дамуы, XX ғ. туризм. Туризм тарихын кезеңдестіру кезінде әлеуметтік-мәдени феноменнің ерекшелігіне қарау қажет және оны келесідей бөлу ұсынылады:

- көне әлемде туризмнің алғашқы элементтерінің пайда болуы;
- ортағасырда туризмнің жекелеген түрлерінің дамуы;
- қайта өрлеу кезеңінде туризмнің мәдениеттің дербес саласына бөлінуі (XV-XVI ғғ.);
- XVII ғ., Ағарту кезеңінде (XVII-XVIII ғғ.) және XIX ғ. басында туризмнің саяси білім алу мен мәдени тәрбие алудың элементі ретінде рәсімделуі;
- ұйымдасқан жаппай қозғалыс формасында туризмнің дамуы (XIX ғ. 40-шы жж. – XX ғ. соңы).

Бұл кезеңдердің әрқайсысының ішінде туризм дамуының белгілі бір кезеңдерін бөлуге болады.

Туризмнің даму тарихын келесідей кезеңдерге бөлген:

1. XVIII ғасырдың соңына дейінгі туризм: А) ежелдегі туризм; Б) орта ғасырлар мен қайта өрлеу дәуірі кезеңіндегі туризм; В) XVII және XVIII ғасырдағы туризм
2. XIX және XX ғасырлардағы – екінші дүниежүзілік соғысқа дейінгі туризм
3. Қазіргі заманғы туризм.



## **II. ТУРИЗМНІҢ ДАМУ ТАРИХЫНЫҢ КЕЗЕҢДЕРІ**

Туризм қоғамдық, шаруашылық және кеңістіктік құбылыс ретінде ежелгі замандарға терең кең тамыр жайған мол дәстүрге ие. Туристік әдебиеттерде туризмнің дамуын кезеңдерге бөлу жайында көптеп айтылады. Әсіресе, В.Унцикер мен Дж.Мариотти секілді ғалымдардың ортақ еңбегінде.

Бұл еңбекте К.Пшеславскийдің (1973 ж.) бөлген кезеңдері келтірілген, оның келесідей кезеңдері бар:

1. XVIII ғасырдың соңына дейінгі туризм: А) ежелдегі туризм; Б) орта ғасырлар мен қайта өрлеу дәуірі кезеңіндегі туризм; В) XVII және XVIII ғасырдағы туризм
2. XIX және XX ғасырлардағы – екінші дүниежүзілік соғысқа дейінгі туризм
3. Қазіргі заманғы туризм.

### **2.1 XVIII ғасырдың соңына дейінгі туризм. Ежелгі туризм**

Туристік саяхаттар, сауда-саттық сапарлар өзінің мәнін жоғалтқанда басталды санайды. Біздің заманға дейінгі 4-ші мың жылдықта ескі Египетте аталынып жүрген, осындай алғашқы көшіп-қонушылыққа жататыны – діни негізіндегі саяхаттар. Біздің заманға дейінгі VI ғасырда Египет фараоны Нехао Африка төңірегінде атақты 3-жылдық саяхат құрған.

Ертеректе туристік саяхаттар қалаларды көріп, жасанды көлдер, шипалы бұлақтарға барумен байланысты болды. Кейініректе жиелеп салына бастаған пирамидалар саяхаттаушылардың назарын аударып бастады. Алайда, жақсы дамыған жол торлары мен сапалы түнеу үйлері және арзан асханалардың тек қана ежелгі Греция мен Римде пайда болуы бұл саяхаттарды белгілі мөлшерде тежеді. Туризм ол кездері ешқандай табыс көзін әкелмеді.

Жол тараптарының маңызын тек қана парсылар айтарлықтай ұғынып өз мемлекеттерінің территориясында қатынасу жолдарының жүйесін құрды. Бұл қатынас жолдары дегеніміз жақсы қалыптағы патшалық жолдар болды ұзындығы 3 мың километр. Бұл жолдар Вавилон, Сузы және Эқбатан қалаларын мемлекеттің шеткі аймақтарымен байланыстырып тұрды. Әрбір 30 мильден кейін парсы жолдары бойында саяхатшыларға демалыс жағдайларын қамтамасыз ететін тұрақтар керуен – сарайлар орналастырылды. Көрсетілген қызметке төленетін ақы байлар мен кедейлерге бірдей болды.

Алайда, антикалық туризмнің гүлденуі ежелгі Греция және Риммен байланысты болды. Аталмыш мемлекеттерде туризмнің экономикалық жағына көп көңіл бөлінді.

Шамамен осыдан 2300 жыл бұрын Ксенофонт грек порты Пирейде сауда қатарлары мен мемлекеттік керуен сарайлардың салынуы керек екендігіне назар аударды. Оның ойынша бұлар пайданың маңызды көзі болуы керек еді. Гректер секілді римдіктерде үлкен қашықтықтарға сапар шегіп отырды, гректер құрған жолдар тарабының әлсіз дамуына байланысты бұл сапарларын теңіз жолдары арқылы іске асырып отырған.

Ежелгі Грецияда курортология мен емдік туризм пайда бола бастады. Римдіктер өздерін сауықтыру үшін жылу су көздеріне және курорттарға барып тұруды жақсы көрді. Емдеу құдайы Аскленийдің храмдары көне замандарда құрыла бастайды, классикалық кезеңде V - VI ғасырларды біздің заманға дейінгі олардың саны 60 астам болды. Олар қаладан қашық, қыраттау, жақсы климаты бар жерде салынды. Швейцариядағы курорт Сен Моритц әйгілі ерекшелігімен пайдаланылды.

Біздің заманға дейінгі VIII ғасырда ертедегі гректер саяхаттар жасады. Олар арғы көне олимпиядаларға көрушілер немесе қатынасушылар ретінде қатынасты. Мысалы, ертедегі Грецияда Олимпиялық ойындарға өнерсүйгіштер мен спорт адамдары көптеп келушілер болды.

Спорттық туризмнің де отаны ежелгі Греция болуы керек. Себебі Олимпиялық ойындар мұнда төрт жылда бір болып жаздың күн тоқырауынан кейінгі бірінші ай тууынан басталатын. Олимпия – ойындарды өткізу жер, осы мерейге қатысушы барлық халықтар үшін қол сұғылмайтын еді. Олимпияға аттанушылардың барлығы Зевстің қонақтары болып саналады. Олардың ішінде сыйлы қонақтарда болды. Әдетте оларды қабылдаушы тарап қарсы алып, орналастырып, тамақтандырады. Туристердің саны көп еді және стадиондарға 40 мыңға дейін адам сыйды.

Ойын – сауық бизнесі жақсы дамыды. Олимпиядаға қарсы үлкен жәрмеңке ұйымдастырылып, ол үшін арнайы сауда қатарлары орнатылды.

Туристер көне храмдарды тамашалап, қалағандар қосымша ақы үшін гидтің аузынан әр түрлі аңыздарды естуге мүмкіншілік алды.

Егер туризм индустриясы жайында кең мағынада әңгіме қозғар болсақ, ежелгі Рим дәуіріне жүгінеміз.

Мұнда саяхаттар керемет жол тараптарының болуы арқасында іске асып отырды. Әрине, римдіктер жолдарын әскери қажеттіліктері үшін дамытып отырды. Әскерлер империяның орталық аудандарынан шекараларына санаулы күндер ішінде жетіп отырды. Бұл жолдар тек Римнің дамуына ғана әсер етіп қоймай, бүкіл Еуропалық өркениеттің дамуына әсер етіп, тарихшы Прокопийдің Римнен Капуяға алып баратын бірінші жолды, яғни Аппий жолын Әлем ғажайыптарының бірі деп есептеуіне себеп болды.

Римдік жолдар инженерлік өнердің барлық ережелеріне байланысты салынып отырды. Олардың құрылысы біздің заманның 312 жылы император Константиннің билігі кезінде басталды. Әрбір жол үшін алдын ала жоспар құрып, содан соң оны таспен толтырған.

Жолдар бойымен милялық діңгектер орнатылып, қастарына демалыс үшін орындықтар орналастырған. Римдік миляның ұзындығы мың жүн қадамға тең болған, ал осы атаудың мағынасы да осыдан, латынша миля «мың» деген мағына беріп, 1480 м құрайды. Римдік жолдардың жалпы ұзындағы 100 мың км шамасындай Римнен шығатын барлық жолдардың орталығы мен бағдаршысы болып Октавиан Августин билігі кезінде орнатылған алтын милялы тас саналады. Бұл алтын жалатылған қоладан жасалған конус пішіндес тас болды.

Саяхаттарды жол бойына орналасқан жақсы ұйымдастырылған және керуен сарайлар торы қолайлы етіп отырды. Бұл керуен сарайлар кейде бір бірінен 5 км қашықта орналысып, өзінің заманына қарай үлкен шеберлікпен салынып, өте жайлы болып келді.

Ежелгі Римде Жол Көрсеткіштер болып оларды тек қана белгілі бір желі көрсетіліп қоймай, сонымен қатар жолда кездесетін көрікті жерлермен қонақ үйлер белгіленіп бағалар көрсетілген. Бордодан Иерусалимге саяхаттайтын табынушылар үшін IV ғасырда дайындалған Жол көрсеткіш белгілі. Біздің заманға дейін I ғасырда пайда болған туристтік бюролар қалағандарды путиводительдермен анықтама кітаптарымен жабдықтаған.

Туристтік саяхаттардың ерекше формасы емдік жерлерге сапар шегу болды. Алғашында қалада тұратын бай гректер мен римдіктер қаала сыртындағы ауылды мекендерге шығып отырса, кейініректе бұл саяхаттардың географиялық шектеулері кеңейе түсті. Минералды бұлақтармен храмдардың қасында қазіргі санаторияларға ұқсас объектілер салына бастады, ал емдік жерлер жоғары комфортты жағдайлары мен ойын-сауықтың көптүрлілігімен әйгілі болды.

Ол кездерде ең әйгілілерден Байедегі Кампаниядағы (қазіргі Италия) шомылу орындары болды. Емханалардан басқа римдік провинцияларында бұл кезде Aquae Cal dae (қазіргі Виши, Франция), Aquae Helveticae (қазіргі Баден, Швейцария), Aquae Herculi (қазіргі Байе Херкулан, Румыния), Aquae Solis (қазіргі Бат, Ұлыбритания) әйгілі болды.

Емдік жерлерге саяхатпен қоса, римдіктер таулы, теңіз жағалауындағы жерлерге сапар шегуді де ұнатты. Бұл тұрғыда ең қолаулы орын Неополитандық бұғаздың үстінде орналасқан жерлер болды.

Рим империясының құлауы саяхатшылар мен сапар шегушілердің санын қысқартып жіберді. Орта ғасырда жасау қиын, қиыннан бұрын өмірге өте қауіпті болды.

## **2.2 Орта ғасырлар мен қайта өрлеу дәуірі кезеңіндегі туризм**

Ортағасырларда туристік қозғалыс бәсеңдей түсті. Ішкі жағдайлары тұрақсыз көптеген жаңа мемлекеттердің құрылуы бұрын-сонды болмаған саяси кедергілерге әкеп соқты.

Туристтік саяхаттардың ұзақ уақыт тоқырауды болуына көптеген себептер әсер етті, олардың ішінде: феодалдық жүйеге байланысты Еуропаның көптеген аймақтарындағы шаруашылықтың күйреуі, бұрынғы жол тораптарының түгелімен және сол жолдар бойындағы түнеу орындарының жойылып кетуі, саяхатшылардың қорғаныс дәрежесінің төмендеуі, сонымен қатар қатар қалалардың күйреуі.

Біздің заманның тек III және IV ғасырларында қайтадан діни табыну саяхаттары жанданып, аз уақыт ішінде діни туризмнің жақсы дамыған түріне айналды. Пилигримдердің Палестинаға саяхаттары біздің заманның III - IV ғасырларының өзінде-ақ басталды. Император Константин кезінде Иерусалимде, дәлірек айтқанда Иса пайғамбардың табыты үстінде храмдар салынды. IV ғасырда қасиетті жерге қажылық бұқаралық сипатқа ие болғаны соншалықты, табынушылар арасында ол жиілеп жай шетелдік туризм ретінде қабылдана бастайды. Біздің заманның VII және VIII ғасырында саяхаттар діни мақсаттар үшін қайтадан жаңадан басталды. Бұндай саяхаттарға қатысушылар әртүрлі еуропалық елдердің тұрғындары болды. Олар Италия (Рим), Испания (сантьяго де Компостела) және Палестина елдерінің қасиетті жерлеріне саяхаттар жасады. VII ғасырда халифа Омар кезінде Иерусалимді мұсылмандар жаулап алады.

Алайда бұл қажылықты тоқтата қойған жоқ. VIII ғасырдың деректері бойынша, Иерусалимге Галльск епископы- қасиетті Аркульф келіп, өзінің саяхаты жайында естеліктер қалдырған. Қажылар Палестинаға тек табыну үшін ғана емес, сонымен қатар ескі құнды заттарды сатып алу үшін де сапар шекті.

Әр жылы 15-ші қыркүйекте Иерусалимде, қасиетті Мариямның шіркеуі алдында жәрмеңке ұйымдастырылып отырды. Қажылар арасында сауда табысты болғаны соншалықты, қалада Генуя, Венеция, Пиза және Марсель көпестерінің өзіндік конторалары мен бүтіндей көшелері мен қоныстары болды. Қажылық үшін ең қолайлы жағдайлар Абастар әулетінен шыққан Халифа Гарун әл Рашид (786-809) кезінде туды.

Халифа мен император Ұлы Карл (768-814) арасында түсінушілік қатынастары орнатылып, оның дәлелі ретінде Гарун әл-Рашид сыйлық жібереді. Ол Ұлы Карлға Иса пайғамбардың табыты-Храмының және ең қасиетті қаланың қақпаларының кілтін сыйлайды.

Бұл уақыттары Ұлы Карлдың бұйрығымен Иерусалимде қажылар үшін арнайы қонақ күтетін үй салынады. Еуропада Ұлы Карл пилигримдер үшін демалыс үйлерін VIII ғасырдың өзінде-ақ салдырған. Кейбір серілік қауымдардың басты шаруасы пилигримдерді қорғау және оларға қасиетті жерлерге жол жүру барысында қонақжайлылық көрсету болды. Мұндай үйлердің бірі-Ронсеваль шатқалындағы аббаттығы қақпа алдында құшақ жая қарсы алып, ақысыз нан, цирюльник және етікші қызметтерін, жеміс-жидек, жаңғақтар ұсынып, аурулар үшін екі хоспис, ал мүлдем халсіздер үшін қасиеттендірілген жерлеу орнын да ұсынып отырды.

Орта ғасырлардың соңы мен жаңа замандарға дейін туристік қозғалыстың ауқымды бөлігін діни табыну мен университеттік орталықтар құрады. Онымен қоса қайта өрлеу кезеңінде көпестер мен ұсталардың саяхаттарының маңызы арта бастайды, алайда олардың бір бөлігін ғана туристік саяхаттарға жатқызуға болады.

Орта ғасырларда адамдар көптеп саяхаттай бастады, сөйтіп, жолшыбай керуен срайлардың саны күрт өседі. Алдында қарапайым қонақ үйлік объектілер XIV ғасырдың өзінде-ақ сол заман үшін өте жайлы түнеу орындарына айналды.

Қонақ үй кәсібінің дамуы, кейбір қалаларда XIV ғасырдың өзінде қонақ үйлердің қожайындары өзіндік цехтарға бірігіп, өз уставтарын құруына әкеп соқты. Осындай ең бірінші цех 1356 жылы Венецияда құрылды. Осы секілді цехтар XIV ғасырда Римде, Сиякада, Флоренцияда да құрылды. XVI ғасырдың екінші жартысында танымдық сипаты бар саяхаттар жасала бастады, ал ең қалаулы ел Италия болды. Мұнда көбіне Испания, Франция және Германиядан шетелдіктер келіп отырды. XVI ғасырдың соңынан Англияда «гранд-тур» әйгілі бола бастады-бұл ауқатты адамдардың континентке саяхаты, гранд-турдың арқасында адамдар оқуын бітіріп, Жерорта теңізін көріп, өркениеттің шығу тегін көріп, сауаттанып қайтуына мүмкіндіктер туды.

Әлеуметтік құбылыс сияқты туризмнің дүниеге қайта келуі XVII ғасырдың соңы мен XVIII ғасырдың басына жатады.

### **2.3 XVII және XVIII ғасырлардағы туризм**

XVII ғасырда Еуропада «таза туризм» формасы пайда болды. Бұл, К.Либеренің айтуынша, танымдық, емдік немесе демалыс мақсаттарында саяхаттаушы тұлғаларды қамтиды.

Оған қоса Еуропада діни сенімге байланысты миграциялар мен көпестердің саяхаттары белгіленіп отырды. Бұл кезеңде адамдар үшін көлік түрі экипаждар болып, саяхатшыларға жағдай жасау мақсатымен әрдайым дамытылып, жақсартылып отырды. Қысқа мерзім ішінде көліктік қызметтің көптеген түрлері пайда болып, жолдардың техникалық жағдайы жақсартыла берді. Жолдар мен көлік құралдарының дамуы туристік миграциялардың географиялық шектерінің ұлғая түсуіне әкеліп соқты.

Италияда дәстүрлі орталықтар- Рим, Венеция, Флоренция және Падуямен қатар, XVIII ғасырда Неапольға да келушілердің саны күрт өсті. Еуропадағы ең алғашқы қонақүйлердің бірі - «4-ші Генрихтің отелі» Нант қаласында 1788 жылы салынды.

Оның құрылысына ол кездер үшін ауқымды сома- \$17500 қаржы жұмсалды. Қонақ үйде 60 жатылы орын болып, Еуропадағы ең жақсысы

болып саналды. 18-ші ғасырлардың шегінде Англиядан еуразиялық континентке жасалатын саяхаттар әдетке айнала бастады.

XVIII ғасырдың екінші жартысында бұл қозғалысқа 40 мың адам жыл сайын қатысып отырды. Бұл саяхаттарға, аталғандай-ақ, ауқатты жас ағылшындар білімін толықтыру үшін қатысып, саяхат grand-tour, ал қатысушылар tourist деп аталды. Бұл атау қысқа мерзім ішінде Флоренцияда, ал кейіннен еуропаның басқа да елдерінде кеңінен тамыр жайды. Ағылшындардың континентке сапарларымен альпілік туризмнің тарихы егжей-текжейлі байланысты.

1741 жылы ағылшын саяхатшылар тобы экскурсия барысында Женевадан Шамониге дейін жетіп, соңғысы бүкіл Еуропада әйгілі болды. Бұл кезеңде альпілік туризмнің дамуы Еуропадағы индустриалдану және урбанизация процестерімен тығыз байланыста болды.

XVIII ғасырда Шамониде демалушылардың көп бөлігін қалалар мен өнеркәсіптік орталықтардың, көбіне Греция және Англияның тұрғындары құрады. XVIII ғасыр Ресей курорттарының дамуының 1-ші кезеңі. Бұл процесті бастаушы Ұлы Петр 1. Ол 1713 жылы бүкіл халықтың алдында минералды сулардың ізделуі керектігін жариялады. Бұл мәселе бойынша 1719 жылы 20 наурызда арнайы жарлық шығып (Дохтырлық ережелер жайындағы жарлық), здравница мекемелерінің заңдық негізіне айналды. Бұл дата Ресей курорттарының тарихының басталуы болып саналады.

#### **2.4 XIX – XX ғасырлардағы – Екінші Дүниежүзілік соғыстан кейінгі туризм**

XIX ғасырдың жартысына дейін Еуропалық туризм тек қана элитарлық келбетке ие болады, ал оған қатысушылар ауқатты жоғарғы сынып өкілдері болып, сол кезгі кейбір авторлар туризмді «аристократтық туризм» деп те атады. Тек XIX ғасырдың екінші жартысында ғана әсіресе, XX ғасырдың 20-ші жылдарында туристік қозғалыс өзгерістерге ұшырап демократиялана бастайды.

XIX ғасырда және XX ғасырдың 1-ші жартысында туризмнің дамуы көптеген факторларға байланысты болды, олардың ішінде ең маңыздылары мыналар:

- көлік құралдарының дамуы;
- өнеркәсіптің дамуы және оған байланысты халықтың тіршілік деңгейінің жақсаруы;
- урбандалудың дамуы;
- бос уақыттың артуы;
- қоғамның мәдени деңгейінің жоғарлауы;
- туризм жөніндегі мемлекеттік саясат.

Көлік құралдарының дамуы, әрине, туристік қозғалыстың интенсивтігі мен оның кеңістіктік өзгерістерге ұшырауына ең басты себеп болды.

Ең 1-ші темір жол желісі – Манчестер – Ливерпуль 1825 жылы Англияда ашылды.

Бұрын апталар шығындалатын саяхаттарға, ендігі жолы әркімнің және өте қымбат емес бағамен қолы жететін болды. Темір жолдар барлық мемлекеттерде өте шапшаң қарқынмен салына бастады. Олар туристік қозғалыстың кеңістіктік құрылымын және көлемін өзгертті.

Теңіз техникасының дамуы әсіресе желкенді кемелер орнына пароходтардың қолданысқа енуі континент аралық саяхаттарды жақсартты. Атлант мұхитін кесіп өту мерзімі бірнеше есе қысқарды, ол Ливерпуль – Нью-Йорк трассасында 1816 жылғы 20 - 25 күннен, 1838 жылы 12 күнге, 1850 жылы 8 күн 17 сағатқа, 1883 жылы 6 күн 18 сағатқа қысқарды.

Пассажирлік континентаралық теңіз саяхаттарымен бірге Еуропалық теңіздер әсересе Жерорта теңізі мен Ла-Манш каналы бойымен саяхаттарға қатысушылар саны әрдайым өсіп отырды.

Өткен ғасырдың 20-шы, әсіресе 30-шы жылдары көптеген елдердің туристік карталарында елеулі өзгерістер пайда болады, бұл саяхаттар автомобильді көліктің барлық жерде қолданыла бастауынан туындайды. Мысалы, 1938 жылы автомобильдер мен туристік автобустарда Швейцарияға 762,2 мың шетелдіктер, бүкіл шетелдік туристтердің 47,8 % құрады.

Туристік белсенділіктің артуын саяхат бюроларының ашылуына әкеп соқты, ал олар уақыт өте келе, «туристік индустрияның» маңызды тірегіне айналды.

Негізінен ең маңызды да бастапқы нүкте 1841 жылы ағылшын мұғалімі Томас Куктың Мидленд округіндегі темір жол компаниясы Лейстер – Лафборо деген 18 км трассада мейрамдық поезді еңгізуге үгіттеуінен басталады.

Томас Кук алғашқы болып 1872 жылы қалағандарға жерді айналып өтетін саяхат ұсынып, бұл турды индустриалды негізге қойды. Алғашқы 20 саяхатшы жерді 220 күнде айналып өтті. Лондонның көрмелері мен Еуропа қалаларына экскурсия жасаудан бастаған Томас Куктың бюросы бірте-бірте іс-әрекет сферасын кеңейтті: жаңа туристік нарықтарды игеру арқылы саяхаттар санын арттырды.

Томас Кук Египетке, Палестинаға, ақша тұрақты саяхаттарды ұйымдастырып тұрды. Оның бюросы экскурсанттарды орналастыру, жол сілтемелерін және кезекті басылымдарды шығарумен, жарнамалық компанияларынмен, банктік операциялармен, ақша айырбастаумен айналыса бастады. Томас Кук 1892 жылы қайтыс болды. Оның еңбегін ұлы мен компаниондары жалғастырды. Қазіргі уақытта Томас Кук атындағы халықаралық туристік компания – барлық континенттегі туристік іс -

әрекетпен айналысатын әлемдегі ең ірі компания. Қазір «Томас Кук » компаниясының 12000 туристік агенттіктері бүкіл әлемде жұмыс істеп, 20 млн туристке қызмет көрсетеді.

Томас Кук қазіргі заманғы туризмнің негізін қалаушы, бірінші менеджер және туризмнің алғашқы маркетингологы болып танылып, саяхатшылардың ұйымдастырылған бұқаралық қозғалыстарының тиімділігі мен мәнін ең бірінші болып түсінген адам болып саналады.

Германия, Швейцария, Франция, Италия, Чехияда халықаралық туризм орталығына айналып отыр. XVIII ғасырдың аяғында, басқа елдерге барып, әр түрлі мақсаттармен саяхат жасап жүрген адамдарды туристер деп атай бастады.

Әлемде бірінші біріккен әуесқой тау саяхатшылары – Англиялық алып клубы – 1857 жылы Лондонда пайда болды. Артынша, 1862 жылы Туринде Австриялық альпі клубы құрылды да, кейінірек Италиялық болып аталынды. 1863 жылы Швейцар клубы бекітіленеді.

XX ғасырдың бірінші жартысында халықаралық және ұлттық туризм өз шеңберіне басқа да елдерді тартып, онан әрі дами түседі. Туристік сапар желісіне жиі тарихи орындар мен мәдени ескерткіштер енгізілінеді. Халықаралық туристік қозғалыстың басым көпшілігі бұл кезеңде Еуропаға келеді.

II Дүниежүзілік соғыс халықаралық туризмнің көлемін қатты қысқартты. Соғысқа дейінгі туризмнің деңгейіне 40 – шы жылдардың соңында ғана жетті. Соғыстан кейінгі кезеңде туристік саяхаттар АҚШ пен Канадада кең тарай бастады. 1948 жылдың шілде айынан бастап шетелдік туристердің Жапонияға баруына ресми түрде рұқсат етілді.

Егер қазіргі жағдайындағы туризм XIX ғасырдың соңында пайда болып құрылса, ол XX ғасырдың екінші жартысында ғана шынайы интенсивті дамуға ие болып, техника, технология, қоғамдық қатынастардың шапшаң дамуымен қатар келіп XX ғасырдың феномені атағына ие болды.

Англиядан Францияға жасалған ұйымдастырылған турлар 1815 ж. болғаны белгілі. 1829 ж. кезінде саяхатшыларға арналған әлемдегі бірінші жолкөрсеткіш шыққан. Оны К.Бедекер атты неміс шығарған. Бұл жолкөрсеткіш әлі күнге дейін Еуропада өз бетімен саяхаттайтын туристер арасында кең қолданыс алған.

Көлік құралдарының дамуы сөзсіз туристік қозғалыс пен оның кеңістікте өзгеруіне әсер ететін негізгі факторлардың бірі болып табылады. Туризм тарихында бұндай төңкеріс «ат арбалардың орнына техникалық көлік құралдарының (теміржол мен су кемелері)» пайда болуынан болды. Келесі кезең автомобиль мен самолеттердің пайда болуына байланысты болды. Жаңа көлік құралдары кең халыққа саяхаттар жасауға мүмкіндік берді. Ал теміржолдың пайда болуы, ең алдымен, туристік станциялар мен емделу орындардың географиясын өзгертті. Яғни көптеген жаңа орындарға теміржолдың тартылуы арқасында олардың желісі айтарлықтай кеңейді.



Автомобиль қатынасының дамуы жол желілерінің кеңеюіне түбегейлі әсер етті. Барлық жерлерде ол жөнделулерге және кеңейтулерге келді. Сонымен бірге, автострадалар деп аталатын тек автомобиль көліктерге арналған арнайы жолдардың құрылысына да кірісті. Алғашқы автострадалардың бірі 1923 ж. солтүстік Италияда салынды, ал оның дамуы 30-шы жылдың екінші жартысына келді.

Бұл кезеңде туристік тасымалдарда айтарлықтай рөлді авиация алды, бірақ тұрақты авиациялар көптеген елдерде 20-шы және 30-шы жылдары төңкерістерде пайда болды. Континент аралық байланыста туристік мақсаттардағы әуе қатынастары тек 1939 ж. маусымында ғана пайда болды. Ол Pan American Airways компаниясы Еуропаға Америка туристер тобын әкелген кезде пайда болды деп айтады.

Уақыт өте келе өнер шығармаларын көру үшін танымдық мақсатындағы саяхаттар кең таралым алды.

XIX ғ. ортасына қарай туристер континенті интеллигенттер мен студенттер есебінен кеңейді. XIX ғ. II жартысы барлық дәрежедегі өкілдер үшін жаппай туризмнің дамуымен сипатталды. Фултонның пароходты (1807 ж.) Стефенсонның паровозды (1814 ж.) ойлап табуы, почта байланысы мен жолкөрсеткіш жетілуі саяхаттарды арзандатуға және жеделдетуге, ыңғайлы және қауіпсіз етуге мүмкіндік берді.

Еуропалықтардың Америкаға көшулері де жаппай халқаралық туризмнің дамуына септігін тигізді. Ғылыми техникалық прогресс нәтижесінде еңбек өнімділігі артты, ал еңбекшілердің әлеуметтік құқықтары үшін күрестері олардың жағдайларының көтерілуіне және бос уақытының (демалыс күндері, төленетін отпусктер) пайда болуына әкелді. Бұл орта деңгейдегі адамдардың саяхаттауына мүмкіндік берді.

## **2.5 Екінші Дүниежүзілік соғыстан кейінгі туризм. Қазіргі замандағы туризм**

Ұлы Отан соғысы жылдарында туристік-экскурсиялық іс-әрекет түгелімен тоқтатылды. Соғыс аяқталғаннан кейін күйреген халық шаруашылығымен қатар, туристік-экскурсиялық мекемелер жүйесі де қалпына келтіріле бастады.

1950 жылы Мәскеулік туризм клубы ашылып, кейіннен елдің саяхатын өз күшімен ұйымдастыратын туристердің орталығы болды.

1965 жылы барлық одақтың республикаларында және көптеген автономдық республикаларда, өлкелер мен облыстарды туризм мен экскурсиялар бойынша кеңестер ұйымдастырылып, жаңа туристік маршруттар құрастырылып, игерілді.

Атап айтқанда, 1960-шы жылдары елімізде туризмді халыққа қызмет ететін үлкен бір салаға айналдыруға мүмкіншіліктер туды. Туристтік саяхаттар кеңестік тұрғындардың ең сүйікті демалыс түріне айналды.

20 ғасырдың 60-шы жылдары кәсіподақтардың туристтік-экскурсиялық ұйымдары 13 мыңнан астам сызықтық, шеңберлік, радиалдық маршруттар құрастырды. Бүкілодақтық және жергілікті маршруттар бүкіл елді қамтып, Кеңес Одағынаның ең қызықты қалалары мен жерлерімен танысуға мүмкіншілік берді. Олардың ішінде бірегей қиын барылатын жерлер – Камчатка, Курилдық аралдар, Франц Иосиф жері және т.б. 80-шы жылдары туризм жүйесінің кемелденуі жалғасады.

80-ші жылдардың 1-ші жартысында кеңестік кәсіподақтар туристтік-экскурсиялық істің сәтті перспективалық дамуы үшін көп еңбек сіңірді. Оның 1990 жылға дейін кемелденуінің басты сызбасының негізі жасалды. Бұл әрине, материалдық - техникалық базаның қайта жаңартылуын да қарастырды және туристтік-экскурсиялық мекемелер торының ары қарай құрылымдық кеңеюі мен кадрларды дайындау, сонымен қатар туризм мен экскурсиялардың нәтижелілігін арттыру да маңызды мәселенің біріне айналды.

60-70 жылдардың шегінде КСРО-дағы туризм халыққа қызмет көрсетудің ірі саласына айналып, халық шаруашылығының әртүрлі салаларымен тығыз байланыста болды.

Туризм шынымен де бұқаралық испатқа ие болды. 80-90жж. Шегінде КСРО-ның территориясында 800 туристтік клубтар, 40 мыңнан астам қоғамдық комиссия іс-әрекет етіп, олардың жұмысына 700 мыңдай туристер қатысты.

Туризм мен экскурсиялар бойынша орталық кеңес автотуристер үшін бүкілодақтық маршруттар ұйымдастырды. Жолдамаға туристтік кемпингке және қонқ үйде ақысыз автотұрақтарды қолдану, тамақтану және экскурсиялық қызмет енді. 1935 жылы осындай 5 маршрут қызмет етті, олар : Ростов – на – Донудан Әскери- Грузиндік жолдан Гаграға дейін; Смоленск – Киев – Львов – Каролино – Бұғаз; Мәскеу – Харьков – Алушта; Новгород – Псков – Пярну; Ростов – на – Дону – Нальчик – Махачкала – Дербент.

1985 жылы Кеңес Одағында 17 атаулы маршрут Алтайда, Оңтүстік Уралда, Солтүстік Кавказда, Закавказьеде және тағы басқа аймақтарда жұмыс істеді. Бірқатар жерлерде веломаршруттар пайда болды. Иркутск кеңесі Ольхон аралы бойымен, ал Ленинградтық кеңес Карельдік мойнақтың көлдері бойымен, Қазақ кеңесі - Қарқаралық таулы – орманды оазис бойымен велосипедтік маршруттар ұйымдастырды. Пензалық, Пермдік, Түрікмендік және басқа да кеңестер жоспарлы велосипедтік туризмді дамыта бастады.

Жергілікті жоспарлы маршруттар қатарына көліктік саяхаттар да жатты: теплоходтық (өзендік және теңіздік), темір жолдық және авиациялық.

Өзен кемелеріндегі саяхат Кеңес Одағының барлық басты өзендерімен өтті: Волга және оның салалары – Кама мен Ока, Солтүстік Двина және Сухона, Онеждік және Ладождік көлдерімен және Нева өзенімен, Төменгі Дон, Днепр мен Киевтен, Обь бойымен Новосибирскіден Диксонға дейін, Лена бойымен Усть-Куттан оның Лаптевые теңізіне құяр жеріне дейін және Амур бойымен Благовещенскіден Николаевск – на – Амурега дейін.

Қара теңіз бойымен теңіздік экскурсиялар да ұйымдастырылды: шығыста Жапон және Охот, солтүстікте Ақ, Баренц және Карск теңіздері бойымен.

80-шы жылдары 150 – ден астам өзендік және теңіздік теплоходтар жыл сайын туристік мақсатта қолданылып отырды.

Жоспарлы темір жол саяхаттары 60-шы жылдардың басынан белсенді дымыды және 80-ші жылдардың соңына қарай бүкіл республикалық өлкелік және облыстық туризм бойынша кеңестерінің темір жол көлігін қолданатын маршруттары болды. Бұл мақсатпен арнайы туристік-экскурсиялық поездар – атап айтқанда, денсаулық поездары құрылды. 1986 жылы 2600 турситтік – экскурсиялық поезд болды.

Темір жол маршруттарының бағдарламасы құрастырылғанда экскурсиялық орталықтар арасында жүру мезгілі түнгі уақытқа сәйкес келетіндей құрастырылды.

80-шы жылдары әуе туристік маршруттар да бұқаралық сипатқа ие болды. Статистикалық көрсеткіштер бойынша, қалалар мен аудан орталықтарының 160-тан астам саяхат және экскурсия бюролары авиация қызметтерін жоспарлы туристік саяхаттарды ұйымдастыру үшін қолданған.

Жоспарлымен қатар өз күшімен ұйымдастырылған туризм де дамыды. Туристер өздігімен демалыс күнгі жорығынан жоғары категориялы қиындықты спорттық жорықтарға дейін өздері құрастырып отырды. Статистика мәліметтері бойынша, демалыс күнгі жорықтар мен көп күндік саяхаттарға 80-ші жылдары 20 млн кеңестік азаматтар қатысты.

1990 жылы «КСРО туристі» белгісі 250 мың туристке, туризм бойынша спорттық разрядтар 80 мың туристке, спорт мастері атауы 124 туристке берілді. Миллионнан астам оқушы туристік жорықтарға қатысты.

### **III. БҰРЫНҒЫ КСРО-ДА ТУРИЗМНІҢ ДАМУЫ. РЕСЕЙДЕГІ ТУРИЗМНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ (XVIII-XX ҒҒ.)**

Бұрынғы КСРО-да туризмнің дамуы Ресей мен бұрынғы КСРО-дағы туризмнің даму этаптары ұлттық туризмнің пайда болуы, қалыптасуы, дамуы және кемелдену процестерінің сатысы.

Бұрынғы КСРО-да туризмнің дамуы негізінен 5 кезеңді қамтиды:

1. Ағартушылық (XIX ғасырдың 90 жылдарына дейін)
2. Кәсіпкерлік кезең (1890 – 1927 жж.)
3. Ұйымдастырушылық орталықтанған кезең (1927 – 1960 жж. соңына дейін)
4. Әкімшілік – нормативті кезең (1970 – 1990 жж.)
5. Өтпелі кезең (1990 жылдан бастап)

#### **3.1 Ағартушылық кезең (XIX ғасырдың 90 жылдарына дейін)**

Ресейде туризмнің пайда болу уақыты туралы бірдей пікірге әлі де келген жоқ. Мүмкін оның дамуы XVIII ғасырдың басына жатады.

Орыс мемлекетінде алғашқы саяхаттар танымдық, сауда, саяси және діни мақсаттармен байланысты болды. IX ғ. Княгиня Ольга Византияға барды. Тарихшы С.М. Соловьевтың айтуынша, саяхат жасаудың ең маңызды себептері «дүниенің кереметтерін көруге қызығушылық» болды, өйткені «Константинопольде кім болатын болса, сол көтеріліп өсу» престижі болды. Көне Русь ішіндегі де және одан тыс та (Константинополь, Астрахань мемлекеті, Византия, Ұлы Жібек жолы) өтетін көпестердің керуендерінің басқа жерге баруы ең ертедегі саяхаттарға жатты.

Русь жеріне христиандықпен бірге қажылық дәстүрі де келді. XII ғ. басында игумен Даниил Константинополь мен Иерусалимге қажылық жасады (бұл саяхаттан кейін тарихқа Даниил-қажы деген атпен қалды). Ол өзінің көрген барлық көріністерін суреттеп жазды. Осылай діни суреттемелердің (сипаттамалар) – «хождения» бастамасын қалады. Бұндай саяхаттардың мақсаты діни бағытта басым болса да, олар үлкен танымдық потенциалда болды. Діни саяхаттардың әңгімелері, суреттемелері табиғат, мәдениет және әртүрлі елдер мен халықтар туралы мағлұматтарды қамтыды. Көпшілік халықтың толық сауатсыздығы кезінде патриархальдік Ресейде қажылықтың құндылығы әртүрлі білімнің көзі ретінде тіпті XIX ғ. дейін өзекті болып келді. Қажылыққа баратын негізгі жерлер Палестина, Иерусалим, Афон тауы болды. Орыс жерінен – Сергиев посад, Оптина пустынь, Коренная пустынь және елдің еуропалық бөлігіндегі басқа да монастырьлар.

XVII ғ. соңында, Петр I басқаруынан бастап, орыс патриархальдық тұрмысына біртіндеп батыс мәдениетінің жаңа лептері ене бастаған кезден,

білім алу мақсатымен, танымдық ой-өрісін кеңейту үшін шетелге бару саяхаттар тәжірибелене бастады. Патша Петр I өзі осыған үлгі көрсетті. Ол Ұлы мәскеулік елшілігінің құрамында Батыс Еуропа елдеріне саяхат жасады.

Петр I 1718 жылғы 12 ақпан айындағы жарлығы бойынша Ресейдегі өлкетанудың негізі қаланды. Бұл жарлықта барлық табылған заттар мен жаңадан ашылған жерлер туралы хабар беріп отыру керектігі айтылған. Көп ұзамай Петербургте алғаш өлкетану мұражайы ашылды. I Петрдің өзінде саяхат жасауды ұнатушы болған. 1696 – 1697 жылдары I Петр Еуропаға өзінің алғаш саяхатын жасаған. 1716 – 1717 жылдары I Петр Голландия, Германия және Францияға екі жылдық сапарын шекті. Патшалық Ресейде емдеу мекемелерінің алғаш даму кезеңі XVIII ғ. келеді. Оның құрылысын 1713 жылы I Петр бастаған. Көне орыс курорттарына Кавказдың минералды сулар курорттары (Пятигорск, Кисловодск, Есентуки, Железноводск, т.б.) жатады. Бұларға 1803 жылы жалпы Ресейлік атақ берілген. II Екатерина 1775 жылы Ресейге танымдық саяхаттардың дәуірін ашты. Князь Григорий Потемкиннің ұсынысымен II Екатерина уәзірлерімен шетелдік елшілермен империяның бүкіл батыс бөлігін кесіп өтіп, Днепр өзені бойымен жүзіп, салынып жатқан Херсон және Севостополь қалаларын көріп шықты. XVIII ғасырдың өзінде – ақ шетелге саяхаттарды ұйымдастыруға алғашқы қадамдар жасала бастады. Жалпы зерттеулер бойынша ұйымдастырылған туризмнің басталуын 1777 жылға балайды. Бұл жылы шетелдік Вениамин Генш «Московские ведомости» газетіне өзінің «Бөтен елдерге жасалатын саяхаттың жоспары» атты басылымын шығарды. Бұл Ресейліктерді Батыс Еуропа елдеріне топтық саяхат жасауға алғашқы шақыру еді. Оны ұйымдастыруды В. Генш өз жауапкершілігіне алды. В. Генш өз дәуірінің білімді адамдарының қатарынан еді. Ол Еуропа мемлекеттеріне бірнеше рет саяхат жасап, оның маңызды танымдық құндылығын түсінген тұлға еді. Оның жоспарына сәйкес жас дворяндар тобының неміс, италия, француз университеттерінің біріне сапар жасауы қарастырылған.

Маршрут бойынша, ары қарай Швейцария, Италия, Франция елдерінің өнері және фабрика ісімен танысу үшін сапар жасалатын болды. Бұндай саяхаттардың жағдайлары арнайы келісім шартта анықталды. XVIII ғасырда Петербург пен Мәскеу бойынша алғаш жол көрсеткіштер пайда болды. Ал XIX ғасырда Ресейдің басқа да ірі қалалары бойынша және Еуропа астаналары бойынша жол көрсеткіштер шықты. 1888 жылдан бастап жолкөрсеткіштерді шығаруға арналған арнайы баспалар ашыла бастады. XIX ғасырдың басынын бастап экскурсиялар, жорықтар, саяхаттар мектепте арнайы және жоғары білім алуда оқытудың тәсілі ретінде қолдана бастады. Ресейде ең алғаш туристік ұйымдар Кавказда құрылды. Себебі, Кавказға көне дәуірдің өзінде – ақ саяхатшылар көптеп келуші еді. Оларды тартатындар порттық қалалар еді. Олар мынадай теңіз жағалауының қалалары: Батус (Батуми), Фазис (Поти), Гионос (Очамчира), Питнус

(Пицунда), Григлиф (Гагра), Бата (Новороссийск), Горгиппия (Анапа), Диоскурия (Сухуми), және т.т. Ең көп басқарылатыны Фазис пен Диоскурия болды.

1877 жылы Тифлисте Кавказ жаратылыстану қоғамы жанынан Ресейде алғаш рет Альпілік клуб ашылды. Бұл клубтың белсенді мүшесі әйгілі Кавказ зерттеушісі А. В. Пастухов болды.

1878 жылы Альпілік Кавказдық клубпен табиғатты ұнатушылардың қоғамы құрылды. 1888 жылы Тифлисте ең алғаш рет Кавказ бойынша жолкөрсеткіш жасалынды. Оны құрастырушы Е.Вейденбаун болды. Ол Кавказ өлкесінің толық сипаттамасын жасап, 9 маршрут бойынша басты қоныстану пунктерінің, қонақүйлердің, табиғи және тарихи ескерткіштердің сипаттамасын құрған. Бұл кезеңде Ресейде алғаш туристік фирмалар пайда болды. Мысалы, 1885 жылы Петербургте Леопольд Липсонның кәсіпорыны ашылды. XIX ғасырдың соңында ресейліктер арасында екінші таулы аймақ Қырым әйгілі бола бастайды. 1880 жылдың соңында Ялтада «Табиғат, таулы туризм және Қырым тауларын ұнатушылардың үйірмесі» ашылды.

1890 жылдың 25 қаңтарында Қырым тау клубы құрылды. Емдік туризммен қатар, XIX ғасырда Ресейде Тау туризмінің ролі көтеріле бастады. 1890 жылы Одессада Қырым тау клубы құрылып, кейіннен Қырым- Кавказ тау клубы деп аталынды.

Сонымен, ағартушылық кезеңдегі туризм келесі бағыттарда дамыған:

1. Қажылық саяхаттар;
2. Емдік және сауықтыру мақсатындағы сапарлар;
3. Танымдық сипаттағы жеке саяхаттар;
4. Экскурсия сипатындағы саяхаттар;
5. Туризм дамуының басты бағыты – танымдық-рекреациялық сипат алуы.

### **3.2 Кәсіпкерлік кезең (1890-1927 жж.)**

XIX ғасыр соңында және XX ғасыр басында Ресейде алғашқы туристік ұйымдар құрылып, Кавказ-Қырым тауларымен танысу және оларды зерттеудің басы ашылды. XIX ғасырдың екінші жартысында Ресейде бірқатар туристік және экспедициялық ұйымдар пайда болды. 1895 жылы Орыс туринг-клубы құрылды. Бұл клубтың пайда болу себебі, XIX ғасыр соңында кең тараған екі дөңгелекті велосипедтер болды. Велосипедтер сол кезеңде қозғалудың жайлы құралына айналып, қала сырты серуендер үшін жиі пайдаланылды. Біртіндеп Орыс туринг-клубы ресейлік туристердің қоғамына айналды. Оның іс-әрекеті бөлімшелер арқылы Ресейдің көптеген аймақтарына жетіп отырды. Қоғамның мақсаты жалпы туризмнің және велосипед туризмнің дамуына көмектесу еді. Орыс туринг-клубы өзінің

гүлдену жылдарында 5000 адамның басын қосты. Осылайша, Ресейдің тау қоғамы және туристер қоғамы құрылды. Петербургте, Мәскеуде, Владикавказда, Пятигорскте, Сочиде, Верныйда Ресейлік туристер қоғамының бөлімшесі ашылды. Оны құрушылар әйгілі ғалымдар Д.Н. Анучин, В.И. Вернадский, П.П. Семенов-Тянь-Шанский болды. 1900 жылы Санкт-Петербургте құрылған Орыс тау қоғамы Ресейде туризмді насихаттау мен дамытуға септігін тигізе отырып, туристік приюттерді құрды, маршруттарды әзірледі. 1901 жылы Мәскеуде Орыс тау қоғамы ашылып, оның бөлімшелері Владикавказға, Пятигорскте, Сочиде ашылды. Қоғамның мақсаты таулы жерлердегі саяхаттарды дамыту болды. 1902 жылы Кавказдың Қара теңіз жағалауында, Сочиде Кавказ тау клубының бөлімшесі жұмыс істей бастады. Бұл кезеңде велосипедпен алғаш жерді айналып өту саяхатын Анисим Панкратов жүріп өткен. Оның саяхаты 1911 жылдың 30 желтоқсанынан 1913 жылдың 28 маусымына дейін жалғасқан. Ал 1894-1898 жж. алғаш жаяу жерді айналып өту саяхатын Ренгартен жүзеге асырған. Кейбір мекемелерге қала сыртында туристік жорықтарды өткізуге міндетті бөлімшелер ашылды. Олардың алғашқыларының бірі - Наркомпрос болды. Ол өз жұмысын 1917 жылы қараша айында бастады. Оны Н. Крупская басқарды.

Кеңестік Ресей кезеңінде туризмнің дамуына үлкен әсерін тигізген Лениннің өзі қол қойған декреттері болды. Мысалы, сегіз сағаттық жұмыс күнін енгізу, төленетін демалыстар. 1919 жылы наурызда Ленин «Жалпы мемлекеттік маңызы бар орындар туралы» декретке қол қойды. Бұл емдік туризм мен шипалы бұлақтарға ұйымдастырған сапарлардың дамуына септігін тигізді. 1920 жылы Наркомпрос жанынан бірлескен экспедициялық бюро ашылды. Оның мақсаты пролетарлық туризм мен экспедицияларды кеңінен насихаттау еді. Наркомпростың тек бір экспедициялық секциясы 1927 жылы ай сайын 400-ден астам топтық экспедиция өткізіп отырды. 1923 жылы Наркомпрос және мектептен тыс әдістерінің институты туристік топтың оқытушы топ жүргізушілерін оқытты. Білім беру жүйесінің басқа қаладағы жұмысшыларына он күндік семинарлар өткізіп тұрды. Наркомпростың Орталық үйіндегі экспедициялық үйірме мен семинарларда, оның Мәскеудегі аудандық үйлерінде мұғалімдер мен комсомол белсенділері білімдерін арттырды. Олар кеңестік туризмдегі ең бірінші қатардағы кәсіби кадрлар болып саналды.

1918-1920 жж. жорықтар мен сапарлар Мәскеу мен Петроградта губернияның ішінде болса, 1921-1924 жылы туристік сапарлар сыртқы аудандарға шегіне бастады. Кәсіби одақтар мен Наркомпрос 1924-1926 жж. елдегі туристік экспедициялық жұмыстың жетекшісіне айналды. ВЛКСМ туризм бюроларын комсомолдық комитеттер жанынан ашты. Осындай туризм бюросы 1926 жылы құрылды. Бюроның мақсаты жергілікті бұқаралық саяхаттың қоғамына көмектесу, анықтамалық, нұсқаушылық жұмыстарды жүргізу болды. Бұл бюрода мынандай секциялар құрылды:

өлкетану, лагерлік, ұзақ уақытты туризм бойынша, қала маңындағы саяхаттар. 1927 жылы бұқаралық туризмнің орталық бюросы алғаш рет еңбекшілерге елдің 6 аймағы бойынша 39 маршрут ұсыну арқылы туризм мен экспедицияның географиясын кеңейте түсті. Бұл мынадай аймақтар: Солтүстік-батыс, Орталық өнеркәсіп, Орта Волгалық, Уралдық, Қырым, Кавказ. 1925 жылы пионер лагерінің ішіндегі ең әйгілісі Артек құрылды.

### **3.3 Ұйымдастырушылық-орталықтанған кезең (1927-1969 жж.)**

1928 жылы туристердің Ресейлік қоғамы пролетарлық туризм қоғамы болып қайта құрылды. 1925-1926 жылдары «Кеңес туристі» ұғымы пайда болды. Бұл қоғам сапарларды жолдамалар бойынша пойыздар мен пароходтарда серуендеулерді ұйымдастырумен айналысты. Бұл қоғам сапарларды материалдық қамтамасыз ететін кеңестік, кәсіподақтық және шаруашылық ұйымдары құрайтын акционерлік қоғам болды. Ол туризмнің қалыптасуында өте үлкен роль ойнады. Бірақ та, бұл таза коммерциялық қоғам болып, жаппай туризмнің мәселелері оның міндетіне кірмеді. Ал бұл жұмысшы жастар мен студенттердің арасында туризмнің дамуын тежеді. Яғни пролетарлық туризмнің дамуы мен нығаюының талаптарына жауап бермеді. Сондықтан да, 1930 жылы 8-наурызда Ұлттық комиссарлар кеңесі ««Кеңес туристі» акционерлік қоғамы мен пролетарлық туризм қоғамының бірігуі және пролетарлық туризм мен экскурсияның Бүкілодақтық еркін қоғамын құру туралы» қаулы қабылдады. Оның алғашқы төрағасы Н. В. Крыленко болды. Ол юстицияның халықтың комиссары, бірінші класты альпинист, шахмат федерациясының төрағасы болған адам. Оның құрамына 75000-ға жуық адамды біріктірген туризм бойынша барлық ұйымдар кірді. 1929 жылы «Интурист» Бүкілодақтық акционерлік қоғамы негізін қалады. Оның пайда болуына шетелдік туризмнің дами бастауы мен шетелдік қонақтарды қабылдауды бір жүйеге келтіру болды. 1929 жылы Кеңес туризмінің пайда болу жылы деп есептелінді. 1931 жылы шетелдік туристерді орналастыру үшін «Отель» Бүкілодақтық акционерлік қоғамы құрылды. Бұл қоғамның иелігінде елдің әр түрлі қалаларында 17 отелі болды. 1932 жылы 3-сәуірде Мәскеуде ОПТЭ-нің I Бүкілодақтық съезі болып өтті. Оған 290 делегат қатысты.

Пролетарлық туризм мен экскурсия қоғамының жұмысының кемшілігі дене шынықтыру кеңесінен оның бөлек қалып қалуы және жеткіліксіз жұмысы болды. 1936 жылы халық комиссариаты кеңесінің шешімімен пролетарлық туризм мен экскурсия қоғамы жойылды. Туризм дене шынықтыру және спорт ісі бойынша Бүкілодақтық комитеттің және осы жылы құрылған Туристік-экскурсиялық басқарманың жетекшілігіне берілді. 1938 жылы туризмнің Бүкілодақтық секциясы құрылды. Ол «КСРО туристі» белгісінің нормативтерін әзірледі. 1939 жылы күзде Мәскеу



маңында кеңес туризмінің 10 жылдығына арналған туристердің слеті болып өтті. 1939 жылы Қызыл армияға көмек ретінде еркін альпинистік отрядтары құрылды. 1940 жылы туризмде туристік атақтар енгізілді. Осы жылы азаматтық соғыстың күрескерлік даңқ маршруттары бойынша жаппай жорықтар жарияланды. Ұлы Отан соғысы кезінде көптеген жерлерде барлық туристік шаруашылық бұзылды. Тек соғыстың соңында ғана туризмнің Бүкілодақтық секциясы өзінің жұмысын қайта жаңартты. Ал туристік-экскурсиялық басқарма туристік базаларды қайта қалпына келтіруді бастады. 1945-1952 жылдар аралығында туризм мен дене шынықтыру спорттық ұйымдардың құрылымының өзгеруіне қарай бірқатар қаулылар қабылданып, іс шаралар жүргізілді. Мысалы, туризм бойынша спорттық нормалар енгізілді, спорттық разрядтар мен туризм бойынша спорт шебері атағы енгізілді, туризм инструкторы туралы және туристік-инструкторлық атақты беру тәртібі туралы қаулы шықты. 1954 жылы жас туристердің алғашқы слеті болып өтті. Ол Тургаяк көлінде (Оңт. Урал) өтті. 1956-1957 жылдары пионерлер мен мектеп оқушыларының бүкілодақтық экспедициясы өткізілді. Оны РСФСР Орталық балалар экскурсиялық-туристік станциясы «Пионерская правда» газетінің редакциясымен бірге ұйымдастырды.

1956 жылы КСРО ресми туристік ұйымдардың халықаралық одағының мүшесі атанды. Халықаралық жастар туризмін дамыту мақсатында 1958 жылдың маусымында «Спутник» халықаралық жастар туризмінің бюросы құрылды. Бұл бюро КСРО-ның жастарын басқа елдермен байланыстыру мәселелерімен айналысты. Бірақ 60-70 жылдары аралығында шетелдік сапарларға КСРО азаматтарының 0,4%-ы ғана шыққан. 1960 жылы курорттар мен туризмді басқару бойынша Орталық кеңесі құрылды. 1962 жылдың 20 шілдесінде Кәсіби одақтардың бүкілодақтық кеңесінің (ВЦСПС) президиумы «Туризмді ары қарай дамыту туралы» қаулы қабылдады. 1969 жылы 30-мамырда КСРО-ның министрлер кеңесі мен ВЦСПС «Елде туризм мен экскурсияны ары қарай дамыту бойынша іс шаралар туралы» қаулысын қабылдады.

### **3.4 Әкімшілік-нормативті кезең (1970-1990 жж.)**

Бұл кезеңдегі туризмнің дамуы міндетті түрде орындалды. Жоспарларға сәйкес жүзеге асырылды. Жоспарлардың ұзақ мерзімі 5-10 жылға әзірленіп, туризм бойынша жоғарғы органдармен бекітілді. Жоспарлардың нормативті көрсеткіштері қатаң бақылауға жатқызылды. Бұл кезең әлеуметтік туризмді ары қарай дамытумен сипатталды. Туризм жас ұрпаққа тәрбиелік әсер ету құралы ретінде қолданылды. 1970 ж. маусым айында КСРО ағартушылық министрлігінің Орталық балалар экскурсиялық-туристік станциясы құрылды. Сонымен қатар, 1970 ж. жастар мен мектеп оқушыларының бүкілодақтық жорықтары мен экспедициялары жүргізілді.

Мұндай жаппай туристік іс-шаралардың мақсаттары патриотизмге тәрбиелеу мен экскурсиялық өлкетану жұмыстары, спорттық жаттығулар болды. 1980- 1992 жж. аралығында емдік-сауықтыру туризмінің материалдық-техникалық базасы өсті, ірі қалаларда жаңа қонақүй кешендері пайда болды, қызмет көрсетудің жаңа түрлері - жанұялық демалыс пен курстық емдеу таралым алды. Курстық емдеу кезінде демалушылар пәтерлер мен жеке сектордың үйлерінде тұрса, ал емдеу мен сауықтыру курсы санаторийлерде алды.

Бұл кезеңде экскурсиялық қызмет көрсету жақсы дамыды. Ел бойынша экскурсиялық бюролар саны 900-ден асты. Ал рекреациялық қызмет көрсету санаторийлер мен демалыс үйлерінің базасында жүзеге асырылған. 1985 ж. туристік ұйымдар 38 млн адамға қызмет көрсетсе, экскурсиялық ұйымдар 21 млн адамға қызмет еткен. КСРО-дағы шетелдік туризмнің жыл сайынғы өсуінің ең жоғарғы қарқыны 1976-1980 ж. аралығына келді. Ол орташа әлемдік көрсеткіш 5-6 % болғанда, КСРО-дағы шетелдік туризмнің өсімі 10% құраған.

1972 ж. «Пионерская правда» газетімен орталық балалар экскурсиялық- туристік станциясы «Моя Родина - СССР» деген пионерлер мен мектеп оқушыларының бүкілодақтық туристік-өлкетану экспедициясы туралы қаулыны қабылдады.

Әкімшілік нормативті кезеңнің негізгі белгілері:

- туризмнің дамуы қатаң нормалау мен жоспарлау жағдайында болуы;
- туризмнің географиясының кеңеюі;
- жағымды территориялық-климаттық зоналарда рекреациялық қызмет көрсетудің шоғырлануы; - қызмет көрсетудің жаңа формаларының таралуы;
- әлеуметтік және өзіндік туризм базасының қалыптасуы;
- туризмді зерттеудің ғылыми негіздерінің құрылуы;
- шетелдік туризм көрсеткіштерінің өсуі.

### **3.5 Өтпелі кезең (1990 ж. бастап)**

Туризм дамуының бұл кезеңі туризмді әкімшілік реттеуден экономикалық нарықтық қатынастарға өтуімен сипатталады. Өтпелі кезеңге келесідей тенденциялар тән:

- туристік ұйымдардың мемлекеттік иеліктен жеке иеліктерге өтуі;
- жаңа заңдардың негізінде туристік нарықтың қалыптасуы;
- жаңа экономикалық және құқықтық қатынастар негізіндегі нарықтық жағдайда туристік ресурстарды пайдалану;

– туристік қызметтердің жаңа түрлерінің пайда болуына байланысты сұраныс сипатының өзгеруі (шоп турлар, көңіл көтеру, тіл үйрену т.б);

– туризмнің материалдық базасына сұраныстың болмай қалуы;

– көптеген кіші және орташа кәсіпорындардың пайда болуы;

– шығу туризмінің орташа көрсеткішінің өсуі, әсіресе шоп туризм мақсатында.

2000 ж. туризмнің дамуы келесідей бағыттармен сипатталды:

– туристік нарықтың ары қарай дамуы;

– заңдық базаның жетілдірілуі;

– қонақүй бизнесіндегі жаңа технологияларды игеру;

– туристік өнімнің жаңа түрлерін әзірлеу;

– алдын-ала орындарға тапсырыс берудің компьютерлік жүйесін қолдану;

– туризмнің білімдік және ғылыми базасының дамуы;

– туристік нарықта монопольді құрылымдардың пайда болуы;

– нарықта туристік өнімді жылжыту жұмысы белсендіру.

### **3.6 КСРО-дағы туризм мен экскурсиялар. 1917-1927 жж. туристік-экскурсиялық жұмыс**

Ғылыми әдебиеттерде КСРО-да туризмнің дамуының бірнеше кезеңдері бөліп көрсетіледі. Бірінші (1917-1936) кезең әлеуметтік-экономикалық жағдайлардың құрылуымен, экскурсиялық және туристік қозғалыстың пайда болуы және ұйымдастырушылық қалыптасуымен сипатталады. Халық шаруашылығын қайта құру мен қалпына келтіру жағдайында еңбекшілердің жаппай демалысын белсендіруге, мәдени құндылықтар мен отан табиғатын зерттеудегі олардың қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған пролетарлық туризмнің алғашқы мекемелері құрылады. Халықаралық туризм шеңберінде мынадай міндеттер қойылады, яғни КСРО серіктері мен шетелдегі прогрессивті қозғалыс өкілдеріне КСРО-дағы социалистік құрылыс желісімен танысуға мүмкіндік беру, және де кеңестік еңбекшілердің шетелге саяхаттары көлемін кеңейту болды.

1918 ж. 12 сәуірінде В.И. Ленин «Патшалар мен олардың қызметтері құрметіне қойылған ескерткіштерді алу және Ресей социалистік революциясының ескерткіштері жобасын әзірлеу туралы» декретке қол қойды. Кремльде атақты ойшылдар мен революционерлердің аттары мәңгілікке жазылған мемориал құрылады. Мәскеуде, Петроградта және басқа қалаларда халық билігі үшін күрескен күрескерлердің құрметіне ескерткіштердің, мемориальді тақталардың құрылысы басталды. Бұл пролетарлық символиканың алғашқы объектісі жаңа революциялық, көрмелік экскурсиялар мен туристік іс-шаралардың да объектісі болды.

Бірмезетте туризм мен экскурсиялардың жаңа ұйымдастырушылық формасын іздестіру басталды. Кейбір мекемелерде қала сыртына туристік жорықтар мен экскурсияларды өткізу міндеті болып табылатын бөлімшелер де құрылды.

Бұл жұмысты алғашқылардың бірі болып 1917 ж. қараша айында ағарту халық комиссариатының мектептен тыс бөлімі (Наркомпрос) жүргізді. Оны Н.К. Крупская басқарды. Бұндай бөлімшелер Наркомпростың губерндік желісінде ұйымдастырылды. 1918 ж. ел бойынша экскурсиялық станциялар құрылады, Наркомпростың тәжірибелік-көрсетімді экскурсиялық базасы құрылады.

1919 ж. наурыз айында В.И. Ленин емдік туризмнің дамуына және емдік көздерге экскурсияларды ұйымдастыруға қолғабыс еткен «жалпы мемлекеттік маңыздағы емдік жерлер туралы» декретке қол қойды.

1920 ж. Наркомпроста Біріккен дәрістік-экскурсиялық бюро - қазіргі кездегі туристік-экскурсиялық мекемелердің үлгісі құрылады. Оның мақсаты – пролетарлық туризм мен экскурсияларды кең түрде насихаттау еді.

1920 ж. бастап экскурсияларды бірнеше ведомствалар мен мекемелер өткізе бастады. Жұмысшылар мен қызметкерлер үшін олардың ұйымдастырушылары кәсіподақтар болды. Оқушылар мен әскери қызметкерлер саяхатқа Наркомпрос пен РКСМмен бағыттталып отырған.

Бұл жұмысты негізінен штаттан тыс негіздегі энтузиастар жүргізді. Олар туристік бағдарламалар мен маршруттар әзірледі.

Халықтың туризм мен экскурсияға қызығушылығының өсуімен оларды мәдени жұмыстарда қолдану қажеттілігі айқын бола түсті. Халықтар арасында осы мақсатпен және туризм мен экскурсия саласында барлық іс-шаралардың идеялық мазмұнын жоғарылату үшін туристік-экскурсиялық тәжірибенің әдістемелік жетекшілігі 1920 ж. Наркомпростың бас саяси-ағартушылық комитетіне (Главполитпросвет) міндеттеледі. Қоғамдық кадрлар дайындау туралы мәселелер қарастырыла бастады; құрылған экскурсиялық станциялар штаттан тыс активтерді – топ экскурсия жүргізушілерін және туризм ұйымдастырушыларын дайындай бастады.

Главполитпросвет туризм мен экскурсияның бастапқы формаларының қаншалықты тиімді және олар қоғамның маңызды міндеттеріне жауап бере ме деген сұрақтарды зерттеуді қолға алады. Халықтық білім берудің Мәскеулік бөлімінің губерндік политпросветіне (Главполитпросвет МОНО) туризм саласында Мәскеу еңбекшілерінің сұраныстары мен тілектерін оқып зерттеу жүргізу жүктелді.

1920 ж. басында туризм мен экскурсияға қызығушылық арта түсті. Экскурсияларға, сапарларға және саяхаттарға мыңдаған еңбекшілер тартылды. Мысалы, Губполитпросвет МОНО-ның бір экскурсиялық секциясы 1921 ж. ай сайын 400-ден аса топтық экскурсияларды жүргізіп отырды.

Кәсіподақтардың, Главполитпросвет және Петроградтық экскурсиялық институттардың қатысуымен болған 1921 ж. Петроградта өткен экскурсиялық конференцияда экскурсиялық жұмыстың қорытындылары айтылды және оларды мектеп тәжірибелерінде қолданысын кеңейту ұсынылды.

Туризм мен экскурсия желісінің құрылымдық кеңеюі басталды. Наркомпростың жанынан жақын және алыс экскурсиялардың бөлімдері құрылды. Онымен Крупская Н.К. айналысты. 1923 ж. Наркомпростың алыс экскурсиялар бөлімі Мәскеулік мұражайлық-экскурсиялық институтының құрамына, кейіннен – «Советский турист» акционерлік қоғамының құрамына кірді.

Туризм мен экскурсия ұйымдастырумен әртүрлі мекемелер айналысты. Алғаш 1914 ж. кейін Қырымға сапарларды мектептен тыс жұмыс әдістері Институты, Свердлов Я.М. атындағы Коммунистік университет, Шығыстың еңбекшілерінің коммунистік университеті ұйымдастырды; кейбір жоғары оқу орындары мен рабфактар туризмді студенттер мен тыңдармандар арасында насихаттады. Жас натуралистер станциясы табиғаттанымдық экскурсияларды ұсынды. Кейбір мұражайлар қалалық емес туристеріне арналған «сквозные мұражайлық экскурсияларды» тәжірибеге енгізді.

Туризм мен экскурсияның ұйымдастырушылық принциптері мен әдістерін кеңейту және оқып-зерттеумен алғашында мектептен тыс жұмыс әдістерінің Мәскеулік Институты, Петроградтың ғылыми-педагогикалық күштері, МГУ экскурсиялық іс кафедрасы, Главполитпросвет экскурсиялық секциясы айналысты.

Біраздан кейін Наркомпрос жанындағы ғылыми және ғылыми-көркем мекемелердің бас басқармасы елдің көптеген қалаларында өлкетану ұйымдарының жұмыстарының әдістемелік негіздерін әзірледі. Олар сол жерде топтық өлкетану жорықтарының, саяхаттарының, экскурсиялардың бірінші тәжірибелік моделін құрды.

*ОПТЭ құрылуы және қызметі. Кәсіподақтар жетекшілігіндегі туризм*

1927 ж. Мәскеуде революцияға дейінгі шамамен 500 адамды біріктірген туристердің Ресейлік қоғамы (РОТ) өзінің қызметін жаңартты. Әлеуметтік құрамы бойынша қоғам негізінен интеллегенция мен бұрынғы бай қалалықтардан тұрды, тек бір адам ғана жұмысшылар қатарынан болды. РОТ-тағы МК ВЛКСМ-нің туризм бюросының кеңесі бойынша кезектен тыс конференцияның шақырылуына талап етілген 1500 жас туристер жіберілді. Бұл конференцияда ескі басқарудың қызметін қанағаттанарлықсыз деп мойындады және жаңасын таңдады. Оның құрамына Крыленко Н.В. (төрағасы), Антонов-Саратовский В., Бархаш Л.,

Никитин В. және басқалар кірді. Қоғамға пролетарлық туризмнің қоғамы (ОПТ) деген атау берді.

Осылай, 1928 ж. шілдесінде ОПТ ең алдыменен, еңбекшілердің қалау-тілектеріне қарай тәжірибелік туристік-экскурсиялық жұмысқа кірісті. Тек қызметінің бірінші жылы қоғам 300 мың адамға қызмет көрсетті. 1929 ж. ОПТ қаулысы бекітілді.

Басқа ведомствалық туризмнің ұйымдарымен салыстырғанда ОПТ еңбекшілер арасында белгілілігі және жұмысының көлемі бойынша бірінші орынға шықты. Ол елде туристік-экскурсиялық жұмыстың 90%-ін орындады.

## IV. ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТУРИЗМНІҢ ДАМУ ТАРИХЫ

### 4.1 Қазақ КСР-да туризмнің даму тарихы

КСРО – ның басқа да аудандары сияқты Қазақстанда да туризм екпінді түрде дами бастады.

Қазақстанда туризмнің дамуы ХІХ ғасырда жергілікті немесе аймақтардан келген әуесқой адамдар жалғыз басына немесе топ түрінде экскурсияларды, жорықтарды және көрікті жерлерге серуендерді өткізе бастады. Ал ондай көрікті жерлер Қазақстанның таулы аумақтарында көп болды.

ХІХ ғасырдың басында-ақ Верный қаласында Орыс тау қоғамының бөлімшесі ашылып, 1927 жылға дейін іс-әрекет аясына болды. Жетісудің ең бірінші туристі деп казак есаулы А.В. Хорошхинді айтуға болады, ол Іле-Алатауының тау бөктерлерімен көп саяхат етіп, 1875 жылы оның ең биік шыңы Талғарды бағындыруға әрекет жасады. Алайда, ол тек 4 мың метрлік биіктікке шыға алды. Таулар Верный қаласының көптеген тұрғындарын өзіне тартты, бұл ұғымда оқушы жастар мен интеллегенция үлесі көп болды. Мұндай жорықтарға Верныйда тұрған Лев Толстойдың немересі Михаил Сухотин де қатысты. Тау инженері К.И. Богданович оқушылармен жергілікті шатқалдарға экскурсиялар ұйымдастырды. Олармен бірге Мүшкетовтың баласы да барып отырды. Верныйдың әйгілі ағаш ұстасы П. Зенков Алма- Арасаннан Жусалы Кезең асуы арқылы Үлкен Алматы көліне дейін өтті.

Әліби Жангельдин 1910-1912 жылдары таяу «жер дүниесін айналып өтетін» саяхатын жүзеге асырды. Бұл саяхаттың мақсаты - өзінің білімін арттыру, әуесқой адамның басқа елдермен танысуға ұмтылысы.

Ең алғашқы нұсқаушылардың бірі Г.И. Белоглазов болатын. 1925 жылдың жазында ол әскерге шақырылатын жігіттермен Алматыдан Ыстық көлге дейін жаяу жорық шекті. Ол басқарған жас туристтер тобы Озерный, Ақсу асуларын аты. Чон-Ақсу өзені бойымен Сазановкаға (қазіргі Ананьево) дейін түсті.

Г.И. Белоглазов Алматының №10 мектебінде дене шынықтыру мұғалімі болып жұмыс істеген. Өзінің оқушыларымен ол жақын жатқан шатқалға жиілеп шығып отырды. 1926 жылы жазғы демалысында ол қайтадан оқушылармен Ыстық көл жағалауларына сапар шекті. Біртіндеп секция жалпы қалалық масштабқа ие болды.

1931 жылы республикамыздың астанасында Жетісу губерниялық мұражайы жанынан Пролетарлық туризм мен экскурсиялардың бүкілодақтық қоғамының бастауыш ұйымы ашылды (ТЭЖҰ). Оның құрамында 10 адам енді. Оның белсенділері арасында Г.И. Белоглазов, В.Д. Городецкий, Н.Н. Дублицкий және т.б. Болды. Олардың бастауымен Қазақтық өлкетану кеңесі құрылды.

Туристтік актив күшімен Горель шатқалында туристтер үшін тау лашығы (үй) құрылып, 1936 жылы 50 орынды «Горельник» туристтік базасына айналады.

1936 жылдың қыркүйегінде ТЭҚҰ жабылып, оның орнына кәсіподақтар жанына ұйымдастырылған Қазақтық туристтік-экскурсиялық басқармасы (ТЭБ) ашылды.

1955 жылы Алматыда «Интурист» Бүкілодақтық Акционерлік қоғамның Қазақстандық бөлімшесі ашылды. 1956 жылдың 12 мамырында Алматыға 25 шетелдік турист келді, келесі жылы олардың саны 157-ге, ал 1971 жылы Қазақстан 8 мың адам қабылдады. 1995 жылы әртүрлі елдерден келген туристтердің саны 28 мың адамға, 2001 жылы 2507 адамға жетті. 1991 жылы қоғам «Қазақстан Интуристі» ұлттық компаниясы болып қайта құрылды.

1965 жылы Қазақстан Республикасына туризм мен экскурсия одағы ұйымдастырылады және 5- облыстық одақ құрылады: Алматы облысында, Шығыс Қазақстан, Қарағанды, Орал және Шымкент облыстарында, сондай-ақ бұл облыстарда экскурсия бюролары да ашылды.

Республиканың өте көркем жерлерінде жаңа туристтік базалар салына бастайды: Баян аул – Павлодар облысындағы, Жансыбай көлінің жағасында, Қарқаралы – Қарағанды облысының тау-орман көгалды алқабында, Алтай – қойнау – Шығыс Қазақстан облысы Бұқтарма су қоймасының жағасында алтын бор – Көкшетаудың тауларында. Қазақстан туристтік базасы Қырғызстанда Ыстық - Көлінің жағалауында.

Туризмнің дамуына серпінді күш берген «Елдегі туризм мен экскурсиялардың ары қарай дамуы жөніндегі шаралар туралы» қаулы болды (1969 ж). Қазақстанда туризм және экскурсиялар бойынша облыстық кеңестер, экскурсиялық бюролар, саяхат және экскурсия бюролары ашыла бастады. Маңызды орынды Республикадағы туризмнің материалдық базасын күшейту бойынша шаралар – жаңа туристтік базалар мен қонақ үйлерді салу, оларды мейрамханалар, кинотеатрлар және басқа да мәдени және тұрмыстық қызметтермен жабдықтау алды. Туристтік құрал-жабдықтарды жалға беру орындары, моторлы қайық станциялары, мамандалған автобазалар ашылды.

Елдің бас қаласы Алматы: туризм қарқынды түрде дамыды. 1959 жылы облыста «Алматы» турбазасы ашылып, қаланың сыртында орналасты. 1972 жылы Алматыға жақын жерде Талғар ауданының Горный садовод ауылынан жоғарырақта «Алматау» турбазасы ашылды. 1970 жылдан бастап Алматылық автобаза қаланың және облыстық туристтік ұйымдарына қызмет көрсетіп келеді. 1975 жылы биіктаулы мұз айдыны «Медеу» салынғалы «Медеу» және «Алатау» атты туристтік қонақ үйлер де салына бастады. Алайда, мұның барлығы әлі де жеткіліксіз еді.

1979 жылы Алматылық туристтердің қалалық клубының мәліметтері бойынша, қалада 100 шақты туристтік секциялар, 7 туристтік клубы жұмыс



істеді. Туризммен айналысатындардың саны 213 мың адамнан асты (Алматыда бұл кезде 900 мыңдай тұрғын халық болды).

Тау туризмнің техникасы бойынша, жарыстар әдетке айналып, туристік слеттер, туристік кештер, «Турист күні» мейрамдары жыл сайын Горький атындағы мәдениет пен демалыс Орталық паркінде ұйымдастырылып отырды.

1988 жылы КСРО-да туризмді басқару құрылымы өзгереді. Туризм мен экскурсиялар бойынша кеңестердің орнына туристік – экскурсиялық бірлестіктер (ТЭБ) аймақтық қағидаға байланысты құрыла бастады.

Басқа республикалардағыдай, Қазақстанда ТЭБ – ге бұрын кеңестер басшылығындағы туристік кәсіпорындар мен ұйымдар енді (турбазалар, қонақ үйлер, кемпингтер, тамақтандыру кәсіпорындары, автобазалар және т.б.).

Туризмде басталған қайта құрылыс туристтер клубтарының қаржыландырылуын бірден қысқартып, кейіннен оларды шаруашылық есепке өткізді. Олардың халықтың денсаулығын жақсартуға бағытталған іс-әрекеті нашарлай бастады. Жорықтар, слеттер мен жарыстардың ұйымдастырылуы сирей береді. Кейбір туристік клубтар жабыла бастады.

Терең экономикалық дағдарыс Қазақстанға 1990 жылы келді, сонымен қатар елдің нарықтық қатынастарға көшуі туризмнің дамуына үлкен әсерін тигізді. Қоғамның кедейленуі мен әлеуметтік жағдайының әркелкілігі туристік қозғалыстың бірден қысқаруына әкеліп соқты. 90-шы жылдарда туристік саяхаттарға қатысушы адамдардың саны күрт төмендеді. Қортыа келгенде, қазіргі шақта жас егеменді Қазақстан Республикасына қазіргі тұрғыдағы туризм индустриясын құру үшін барлық жұмыстарды жаңадан бастау керек.

Бүгінгі күнде туризм коммерциялық қызметтің ең қарқынды түрде дамып келе жатқан түрі болып табылады. Қазіргі заманда әлемдегі әрбір 15-ші жұмыскер туристік және қонақ жай бизнесінде жұмыс істейді. Туризм үлесіне әлемдік жалпы ұлттық өнімнің 6 % және әлемдік тұтынушылық шығындардың 11% келеді. 1996 жылы халықаралық туризмнен түскен елдердің жиынтық табысы 425 млрд. АҚШ долларына жетті, ал ол әлемдік экспорттың 8 % және әлемдік қызмет экспортының 1/3 бөлігін құрайды. Дүниежүзілік туристік ұйымның болжамы бойынша 2020 жылы туристік сапарлардың саны 3 есеге көбейіп, 1,6 млрд. адамға жетеді.

## **4.2 Қазақстан Республикасында туризмнің даму кезеңдері**

Қазақстанда туризмнің даму тарихы жалпы әлемдік тенденциялардан ерекшеленеді. Себебі, көптеген жағдайда оның даму ерекшелігі елдің саяси, экономикалық және әлеуметтік ерекшеліктерімен анықталады.

XX ғасырдың 90-шы жылдарына дейін Қазақстан КСРО-ның құрамына кіргенге дейін, туризм экономиканың саласы ретінде қарастырылмады. Негізінен адамдар демалу, танып-білу және емделу мақсаттарында саяхаттады. Ішкі туризм секторы айтарлықтай дамыған болды, ал шекараның жабықтылығы, визалық тәртіптің күрделілігі халықаралық туризмнің дамуын қиындатты. Кеңес өкіметі кезеңінде жеңілдік жағдайында туристік жолдамаларды бөлу жүйесі жемқорлықтанған болғанын атап өткен жөн. Туристік жолдамаларға қолдары жететін шенеуніктердің оларды қолдануға мүмкіндіктері болды. Барлық халықтың әлеуметтік теңдігін насихаттау шындыққа қайшы келді.

Қазақстанның тәуелсіздікке өтуі қызметтің барлық сфераларында реформалық өзгерістерге ұшырады, оның ішінде туризмде. Қазақстанда нарықтық экономикаға өтумен туристік саладағы экономикалық аспектілер әлеуметтік аспектілерді асып кетті.

Туризм көптеген аспектілер бойынша Қазақстанда нарықтық қатынастарды қалыптастыруда көшбасшыға айналды. Халықаралық және отандық тәжірибе көрсеткендей, туризм қысқа мерзім ішінде экономиканың ең табысты сфераларының біріне айнала алады. Әлемдік тәжірибе көрсеткендей, нарықтық экономика туристік қызметті дамыту үшін ең жағымды экономикалық орта болып табылады. Бұл туристік қызметтің даму процесі нарықтық қатынастар қызметінің сферасының кеңеюімен үзілмес байланыста өтеді дегенді білдіреді. Әрине, бұл саланың өзі және оған кіретін кәсіпорындар тікелей тұтынушыға бағытталады, қандай да бір деңгейде туризмнің дамуын қамтамасыз ететін көптеген сфералар мен салалар нарықтық кеңістікті қалыптастыруда белсенді рольді ойнайды.

Жағымды жағдайларды құрған кезде Қазақстанда туристік сала экономикалық тұрақтылық пен республикалық экономиканың дамуының қозғаушы күшіне айналуы тиіс.

Осы мақсатпен туристік бизнестің дамуының динамикада жекелеген сегменттерді қалыптастырудың ретроспективті және жағдайлық талдауын жүргізу маңызды. Туризмнің кезеңдік дамуын қарастыру қажеттілігі пайда болады. 1991 жылдан бастап, Қазақстан Республикасында туризмнің дамуын кезеңдерге бөлу келесідей болады.

### Қазақстан Республикасында туризмнің дамуын кезеңдестіру

Кезеңдер	Экономикалық аспектілер	Заңдық база	Саяси аспектілері	Әлеуметтік негіздері
1 кезең 1991- 1994 жж.	Туризмде мемлекеттен шығару және жекешелендіру процестері басталды. Кіру	«ҚР туризм мен спортты дамыту туралы» Министрлер Кабинетінің қаулысы,	Кіру және шығуға шекараның ашылуы, визалық формальдылы	Туристік фирмалардың спонсорлық қатысуы

	және шығу туризмдері бойынша көрсеткіштердің өсуі, жаңа туристік фирмалардың ашылуы, саланың рентабельділік көрсеткіштерінің көтерілуі	«Туризм туралы» ҚР заңы, «Туристік және спорттық қызметті лицензиялау, сертификаттау, туралы ереже»	қтардың жеңілдетілуі, шетелдік инвесторлардың ағымы	
2 кезең 1995- 1999 жж.	Кіру туризмі бойынша көрсеткіштердің тоқырауы, ішкі туризмнің көрсеткіштерінің құлауы, шоп-туризмге маманданған фирмалар санының өсуі, инфрақұрылымның қалыптасуы	«ҚР-да туризм индустриясының дамуының Ұлттық бағдарламасы», туристік қызметті лицензиялау жүйесі қайта қаралды	Шетелдік азаматтардың іскерлік белсенділікте рінің құлауы	Біріқатар фирмалардың спонсорлық іс- шараларға қатысуы
3 кезең 2000 жылдан бастап	Туризм түрлерінің құрылымының өзгеруі, кіру туризмі көрсеткіштерінің құлауы, бәсекелестіктің шиеленісуі, маркетинг және жарнама құралдарын қолдану	ҚР-да туристік қызметті лицензиялау Ережесі, 2000 жылдың 29 желтоқсанындағы № 1947 «Туристік қызметті дамытудың бірінші реттік шаралары туралы» ҚР Өкіметінің қаулысы, № 211-11 «Қазақстан Республикасындағы туристік қызмет туралы» ҚР заңы	Визалық формальдылықтарды одан ары қарай жеңілдету, туристік қызметте интеграциялық процестер	Зейнеткерлер, көп балалы жанұяларға арналған жеңілдікте р қолданылды, туристік ескерткіштер қалпына келтірілді.

Қазақстанда туризмді кезеңдестіруді экономикалық, ұйымдастырушылық және заңнамалық факторларға байланысты жүргізуге болады. Бұндай кезеңдестіру айқын көрінбейтін сипат алады, бірақ та оның өзіне тән ерекшеліктері бар, олар негізінен мемлекеттің саясаты және

жүргізіліп отырған экономикалық қайта қалыптастырумен байланысты болды.

Қазақстанда туризм дамуының ең перспективті бағыттарын анықтау үшін оның соңғы жылдардағы эволюциясын талдау қажет. Туризм экономикалық қызмет сферасы ретінде қаржылық және ұйымдастырушылық өзгерістерге бейім болып келеді. Ұлттық туристік компаниялар бұл өзгерістерді туристік ағымдардағы және туристік қызметтерге қойылатын бағалардағы болып жатқан өзгерістерді түсіну үшін ескеруі тиіс. Жүргізілген талдау қазіргі туризмнің даму тенденцияларының және онда болып жатқан өзгерістердің толық суреттемесін береді. Жоғарыдағы кестеде Қазақстандағы туризмнің дамуының кезеңдерін көрсетеді.

Бірінші кезең Қазақстанда туризмнің дамуында өтпелі кезең болып табылды, нарықтық экономикаға өту саланың қайта құрылуына, туристік фирмалар санының өсуіне, туризмде жеке кәсіпкерлікті дамытуға арналған жағдайларды құратын жаңа заңдардың, нормалар мен ережелердің пайда болуына септігін тигізді. Ерекше көңілді екінші кезеңге бөлу қажет, себебі оған туризм көрсеткіштерінің экстенсивті өсуі тән. Жүргізілген қайта қалыптастырулар, нақты айтқанда, визалық формалабыдылықтарды жеңілдету, шетелдік инвесторлар үшін Қазақстанның шекарасының ашылуы тез өсуге, ең алдымен халықаралық туризмнің өсуіне септігін тигізді. Әсіресе, тез қарқын шетелге Қазақстан азаматтарын жіберу бойынша көрсеткіштерге тән. Қазақстанға шетелдік туристердің бизнес-сапарларына үлкен көңіл бөлінді. Бұл республикаға инвестициялық белсенділіктің көтерілуімен байланысты.

Туризмдегі экономикалық қайта құрудың екінші кезеңі макродеңгейдегі тұрақтылық мәнінде өтті. Сондықтан да басқарудың, қайта қалыптастыру мен құрудың барлық тәсідері мен формалары негізінен сала масштабында шектелді. Қазақстан Республикасында халықаралық туризм 90-шы жылдарға дейін болды. Туризм дамуының мемлекеттік концепциясы, оның ішінде инфрақұрылымды жетілдіру мәселелері бүкіл әлемде қабылданған нормалардан айтарлықтай ерекшеленді. Сондықтан да бұл кезеңде өзгерістер күрделі болды.

### **4.3 Әлемдік туризм дамуының кезеңдері**

Туризм терең тарихи тамыр алып жатыр. Алғашқы ұйымдастырылатын сапарлар көне заманнан бастап, XIX ғасырдың басына дейін болды. Бұл сапарлардың мақсаттары мен мотивтері негізінен сол кездегі қажеттіліктер мен мүмкіндіктерге байланысты болды. Нақтырақ айтсақ, қажылық, емделу, сауда, емделу, сауда және білім мақсаттарында болды. Сапарларға шығуға тек қана қоғамда жоғары дәрежесі бар адамдардың ғана мүмкіндіктері

болды. Сол кездегі туризмнің ерекше сипаты элитарлық және өзінділік болды. Туризм саласындағы әйгілі ағылшын мамандары былай деп тұжырымдаған: емделу мақсатындағы сапарлар туризмге бастау болды және алғашқы туристік ұйымдар білім сипатын алды.

Шындығында да бұл кезеңде «аристократтық туризм» деп аталатын туризмнің дамуымен сипаттайды. Яғни, бұл кезде шетелдік сапарларға бай адамдардың қолы ғана жеткен.

Қазіргі кезде әлемдік туризмнің дамуын 4 негізгі тарихи кезеңге бөлуге болады. Бұндай бөлудің негізін мынадай критерийлер қалайды: туризмнің әлеуметтік және экономикалық алғышарттары, функциялары.

### **1-кезең.**

Ежелгі заманнан бастап ХІХ ғасырдың басына дейін созылып, туризмнің тарихи басы деп аталады. Бұл кезеңге сауда мақсаттарындағы, білім ой- өрісті кеңейтуге, емдеу және қажылыққа байланысты сапарлар тән. Бұл кезеңнің ерекшелігі - саяхаттардың элитарлығы және қозғалыс құралдарының онша дамымағандығы.

### **2-кезең.**

Бұл ХІХ ғасырдың басынан ХХ ғасырдың басына дейінгі кезеңді қамтиды. Бұл кезеңде бай адамдар ғана саяхаттай алу мүмкіндігі болған соң элитарлық туризмнің кезеңі ретінде сипатталады. Бұл кезеңде сонымен бірге, жаппай туризмнің қалыптасуының негізі қаланды.

ХІХ ғасырдың басында пароход, паровоз сияқты көлік құралдарының пайда болғандығынан бастап және жол желістерінің кеңеюінен туризм кең масштаб ала бастады. Осылай жаппай туризмнің өскіндері пайда болды.

Жаппай туризмді дамытудың алғышарттар мыналар болып табылады:

- қоғам жағдайының өсуі;
- алдымен ақысы төленбейтін демалыстың одан соң ақысы төленетін демалыстардың пайда болуы;
- ғылыми-техникалық прогресс, ол тек көліктің дамуына себепкер ғана емес, сонымен оның арзандауына да себепші болды.

Алғашқы ұйымдастырған турды 1841 жылы ағылшындық Томас Кук ұйымдастырды. Ол тур әлеуметтік мақсаттарға көзделген. Сөйтіп, Томас Кук ұйымдасқан туризмді дамытудың негізін қалаушысына айналды. Ол туризмнің көмегімен ағылшындардың бос уақыттарын өткізуді ұйымдастырды.

Сапар Франциядағы көрмеге ағылшын халқына арналып ұйымдастырылды. Жолдаманың құны барлығы 14 шиллингті құрады. Бірақта Томас Кук бұл кезде туризмді пайда алу үшін қолдануға болатынын білмеді.

1855 жылы алғашқы саяхат бюросы құрылды. Бұл бюро алғашқы турларды қалыптастырып, оларды тұтынушыға өткізді. Бұл кезең үшін өзіндік туризмнен басқа туризмнің ұйымдасқан түрлерінің пайда болуы тән. Томас Кук алғаш рет 1856 жылы туристік агенттік ұйымдастырды. 1870 жылы өзінде «Томас Кук» фирмасының 500 мың клиент-туристі болған. Бұл

компанияның клиенттерінің арасында әйгілі адамдар да болған. Мысалы, Марк Твен – ол өзінің саяхатын толық жазған. Томас Кук сонымен бірге жерді айналып шығу саяхатын ұсынған алғашқы адам болған. Ол туристерге жол чектерін қолдануды да ұсынған. Яғни, қауіпсіздік мақсатында қолма-қол ақшаларды өзімен тасымас үшін. 1882 жылы «Томас Кук» қоғамы алғашқы жерді айналып шығу туры ұйымдастырды. Томас Кук 1892 ж. қайтыс болды. Оның ісін оның ұлы мен компаньондары жалғастырды. Қазіргі кезде «Томас Кук» компаниясының әлемнің барлық елдерінде 12 000 туристік фирмасы бар және 20 млн туристерге қызмет көрсетеді.

Бұл кезеңді жеке сапарлардан ұйымдасқан туризмге көшу кезеңі деп атауға болады. Саяхат бюроларын құрылуы басталды. Алғашқы отельдер мен қонақүйлер іске қосылды.

### **3-кезең.**

XX ғасырдың басынан II дүниежүзілік соғысқа дейінгі кезеңді қамтиды. Бұл кезеңде жаппай туризмге ауысу жүзеге асырылады және әлеуметтік туризм даму алды. Бірақта 30-жылдардағы дағдарыс пен I дүниежүзілік соғыс туризмнің дамуына кері әсерін тигізді.

### **4-кезең.**

Бұл II дүниежүзілік соғыстан кейін басталып, қазіргі кезге дейін кезеңді қамтиды. Бұл кезеңде институттар, өнімдер, өндірістік циклдерді ұйымдастыру және өндірістік әдістері бар туризмнің мықты индустриясы қалыптастырылды.

## **4.4 Халықаралық туризмнің жүйе ретіндегі анықтамасы, негізгі түсініктері, терминологиясы**

Халықаралық туризм XIX ғасырдың ортасында, яғни әлемнің неғұрлым дамыған елдерінде капиталистік құрылыстың нығаюы уақытынан басталады. Халықаралық туризм халықаралық өмірдің басқа тараптармен тығыз байланыста дамып келеді және әлемдегі жалпы саяси және экономикалық жағдайға ғана емес, сонымен қатар жекелеген елдерде де ден қояды. Бұл әр жылдары туризмді дамытудың әркелкілігі түсіндіріледі.

Саяхаттың дербес, табиғи және қарапайым түріне айналуға туризм халықтар арасындағы жоғары дамыған және тұрақты экономикалық, саяси және мәдени қарым-қатынас негізінде қоғамдық қатынастарды дамытудың белгілі бір сатысында ғана мүмкіндік алды. Бұл халықаралық нарықтың қалыптасуы, халықаралық сауданың өсуі және көлік құралдарының пайда болуы кезеңімен сәйкес келеді.

Туризмнің орталығы Еуропа болды, оның үлесіне шетелдік туристер санының 2/3 бөлігі келеді, әлемдік туристік ағындағы мұндай үлесті еуропалықтар құрайды, олар әдетте континенттен тыс жерлерге аз кетеді.

Әрбір туристік ауданға турист – жолаушыларды қабылдауды, орналастыруды және тамақтандыруды қамтамасыз ету қажет болғандықтан, темір жол басқармалары тұрғызған туристік объектілерді салу қажеттілігі пайда болды.

Буржуазиялық революция жеңді және капитализм дами бастаған алғашқы елдердің бірі Англия болды. Дәл осы жерде өз қызметін алдымен ел ішінде, содан кейін одан тыс жерлерде дамытқан алғашқы туристік ұйымдар пайда болды.

Халықаралық туризм табиғи ортамен, қоғаммен тығыз байланысты. Оның әлеуметтік шаруашылық қызметімен байланысты. Туризмнің бастапқы зерттеулері қолданбалы сипаттама болды. Әр түрлі географиялық пәндердің зерттеулердің ортасына кірді. Ең алдымен халықтар географиясымен және көлік географиясымен байланыста болды. 2 дүниежүзілік соғыстан кейін туристік қозғалыстардың интенсивті дамуы зерттеулерді күшейтті. Ол теориялы және әдістемелік негізге әкеліп соқтырды. Жаңа географиялық ғылым туризм географиясының пайда болуына негіз болды. Туризм мен демалыстың мәселелерін тануды ғылыми географиялық негізгі рекреациялық география болды. Ол қоғамдық географиялық ғылымдардың ішіндегі жаңа бағыт. 60ж аяғы мен 70ж басында географиялық ғылымдар негізінде пайда болды. КСРО-да географиялық бағытта бұл ғылымның негізін салғандардың бірі проф. В.С.Приображенский.

Туризм географиялық зерттеу пәні кеңістіктік туристік құбылыстар мен байланыстардың формаларын талдау, олармен байланысты процестерді зерттеу. Туризм халық шаруашылығының басқа да салалары сияқты бірнеше бөлімшеден тұрады. Мысалы: - Функционалды мамандану: емдеу, сауықтыру, спорттық, танымдық функциялары. Сонымен қатар ішкі және халықаралық туризмді ерекшелеуге болады. Мқндай бөлімшелер мен кейбір салалардың басқару органдарының болуы байланысты бұрынғы КСРО-да бұл курорттарды басқару бойынша орталық кеңесі туризм мен экскурсиялар бойынша орталық кеңес және дене шынықтырудың жоғары кеңесі (Бүкіл одақтық туризм акциясы) Халықаралық жастар туризм бюросы – «Спутник». Бүкіл одақтық акционерлік қоғам – «Интурист» және т.б. Осы салалардың әр қайсысы өзінің кәсіпорындар жүйесіне ұйымдастырылған кешенді құрайды, алайда олардың кәсіпорындары біртұтас табиғи ресурстарды пайдаланады, біртұтас техникалық және әлеуметтік инфрақұрылымға негізделеді. Халық шаруашылығының басқа салаларына ұқсатығымен сипатталады. Олардың жалпы бірқатар ерекшеліктері болады. Бұл ерекшеліктер тұтынушыларға осы салаларды бірін – бірі толықтырып отыратын салалар ретінде қарстыруға мүмкіндік береді.

Туризм географиясы кешендік зерттеулерге негізделеді. Ол табиғи, техникалық, экономикалық және әлеуметтік табиғаттың мәселелерін

қамтиды. Туризм географиясының зерттеу мақсаты туристік қозғалыстардың басқарудың теориялық негіздерін жасау. Мұнда оның табиғи, экономикалық, әлеуметтік аспектілері есепке алынуы тиіс.

Туризм географиясы мыналарды зерттейді:

– Туризмді дамыту үшін территориялардың жарамдылығы оның формалары мен маусымдылығы есепке алынуы керек.

– Туризмнің территорияға тигізетін әсері және оның шаруашылық кешенінің қалыптасуы. Туризмнің дамуына пайда болатын сол территорияларда болып жататын құбылыстар мен процесстерді зерттеу.

Туризм географиясының алдында бірқатар маңызды міндеттер тұр. Оның ең бастысын 1971ж ББ Родоман тұжырымдады: «Географтардың мақсаты басқа мамандармен бірге рекреациялық ресурстарды бағалау, картографиялау, анықтау әдістемесін жасау, территорияларды тиімді пайдалану ұсыныстарын беру». рекреация үшін ландшафт әсемдігі мен табиғатты қорғау бойынша ұсыныстар жасау, сондай – ақ демалыс орындарының және аудандарының типтік модельдерін жасау және рекреациялық географияның зоналарын тауып, негізгі түсініктерін, ережелерін анықтау. Туризмнің ресурстық диапазоны объектілерді таңдау: су, тау және ормандардан бастап архетиктуралық, өндірістік шаруашылық құрылыс шығармаларына дейін.

Табиғи ресурстардың жарамдылығын бағалау туризм мен демелыс үшін сәйкес территорияларды таңдау және қорғау елдің пайдалану саласында территорияны нақты бөлумен, яғни халық шаруашылығының нақты құрлымын анықтаумен тығыз байланысты. Бұл проблема адамның шаруашылық қызметінің табиғи ортадағы өзгерістермен байланысты. Өсуімен және халықтың рекреациялық белсенділігінің тұрақты түрде өсуі арқылы көрінеді. Рекреациялық бағалауға - табиғи ресурстар және әлеуметтік, экономикалық ресурстар жатады. Бөлек территориялық рекреациялық жүйелерді зерттеу мәселесі оларды мамандандырудың негізгі мақсатында маңызды жоспарлық реттеу тәжірибесі жағынан туризм географияның болжамдық функциясы өте маңызды. Туризмді дамыту саласындағы негіз туристік қозғалыстарды болжау болып табылады.

«Туризм» мен «турист» деген терминдер әдебиет беттерінде XVIII ғасырдың соңында пайда болды, XIX ғасырда кең қолданыла бастады, әсіресе XX ғасырда. Біршама зерттеушілердің айтуы бойынша, «туризм» және "турист" деген сөз француз тілінен (tour — саяхат) енген. Солай бола тұрса да, ең алғаш бұл сөз XVIII ғасырда Британ аралында осы елге келетін англия жастарының саяхатын анықтау үшін қолданылды. Француз, Италия, Германия жастарының оқуларын толықтыру үшін мектептерге жіберіліп тұрды. Саяхатты «grand tour» десе, саяхатшыларды туристер деп атады.

Берлиннің туризмді зерттеу институтының журналында «ARCHIV FÜR FREMDENVERKEHR» (1930-1931) атты мақаланың алғы сөзінде



ресми түрде ғылыми әдебиетте "туризм" деген түсінік XX ғасырдың 30-шы жылдарында пайда болды.

Туризм деген өте кең түсінік, әдебиеттерде оған берілген өр түрлі анықтамаларды кездестіруге болады. В. Унцикер туризм деп тек табыс табуға арналмаған тұрақты жерден тыс жердегі барлық саяхат пен қысқа мерзімдік сапардағы құбылыс пен қатынастың жиынтығын атады. Кейбір авторлар «әр түрлі мақсаттағы спорттық жарыстарды» туризмге жатқызды. КСРО—да бірінші болып 1952-ші жылы В.В. Добкович туризмге қазіргі уақытқа лайықтап анықтама берді: «Туристік саяхат деп каникул және ұзақ уақытты демалыс кезендерінде біздің еліміздің әр түрлі аудандарында болып, сол елдің халықтарының өмірімен және мәдениетімен танысу, социалистік құрылысымен, табиғи байлықтарымен, тарихи, әскери және революциялық ескерткіштерімен танысуды айтамыз» — дейді.

Туризмге қысқа да, сәтті анықтаманы ҮКЭ (Үлкен Кеңестік Энциклопедия) берді: «Туризм - бос уақыттағы адамның белсенді саяхаты, сапары, жорықжасап демалуы».

XX ғасырдың 30-шы жылдары поляк географы С. Лецицкий туризм туралы түсінікті толықтап, «туристік-сауықтыру қозғалысына байланысты теориялық, шаруашылық, географиялық, статистикалық, құқықтық, мәдени және әлеуметтік сұрақтардың жиындысы» — деп анықтама берді.

Туризм географиясы облысына еңбегі сіңіп, атағы шыққан В.С Преображенскийдің айтуынша, "туризм" термині арқылы мынадай негізгі түсініктер беріледі:

а) демография мен халық географиясы және әділет ғылымы оқитын халық қозғалысының ерекше түрі;

б) экономика саласы, экономика мен экономикалық географиямен айналысатын халықтың Әлеуметтік-мәдени қажеттілігін өтейтін салалардың біреуі;

в) социология мен рекреациялық география айналысатын тұрақты жерден тыс жерлерде бос уақытты өткізудің түрі.

Қазір туризм анықтамасы екі топқа біріктірілуі мүмкін — жұмыстық және концептуалдық. Біріншісінің экономикалық, әлеуметтік, құқықтық және басқа да туризмнің аспектілеріне ғана қатысы бар. Екіншісі, концептуалды немесе мәнін көрсететін анықтама, пәнді бүтіндей қамтиды, туризмнің ішкі сырын ашады.

Тарихи даму процестерінде «туризм» мен «турист» деген түсінікке біраз өзгерістер елгізілді, Практикалық жағынан туризмнен гөрі турист деген түсінік анықтамасы жағынан анығырақ болғанын қажет етеді. Ең алғашқы "турист" деген анықтаманы Үлттар Лигасының статистика жөніндегі сұрыптау Комитеті берді (1937). Ол халықаралық түсініске ие болды және азгантай түзетулермен біздерге де жетті. Соңғы жылдары "турист" ұғымының анықтамалары ресми халықаралық туристік ұйымдар одағының жиындарында (Дублин, 1950; Лондон, 1957), БҰҰ-ның

халықаралық туризм және саяхағтар туралы конференциясында (Рим, 1963), туризм туралы парламентаралық конференцияның конгресінде (Гаага, 1989) талқыланды. Бұл оның теориялық және практикалық жағынан маңызының зор екендігін және оған берілетін анықтаманың толық та дәлірек болу керектігін көрсетеді.

Қазіргі шақта халықаралық тәжірибеде кең қолданылып жүрген анықтама 1963-ші жылы Рим конференциясында енгізілген және бүкіл дүниежүзілік туристік ұйым (ДТҰ) қолдаған келесі анықтама: «Туристер — бұлар өзінің тұрақты елі емес, ақша табатын іс-әрекеттермен айналыспайтын, басқа бір елге қандай да болмасын бір мақсатпен келуші адамдар». Бұл анықтама мыналарды қамтиды:

— туристер немесе келушілер деп, осы елде кемінде 24 сағат болатын адамдарды айтады және олардың саяхат жасау мақсаттарын мынадай топтарға біріктіруге болады:

а) бос уақыттарын қоңіл котеруге, каникулға, емделуге, оқуға, спорт немесе дінге пайдалану;

б) жұмыс бабымен, отбасы ісімен, мақсатпен, съезд, симпозиум немесе конференцияға келушілер;

— экскурсанттар, немесе уақытша келушілер, елдс 24 сағаттан аз уақыт болады (теңіз рейсіне қатысушыларды қосқанда).

Сапар мақсатына байланысты саяхатшылар үлкен екі топқа бөлінеді. Бірінші топқа жататындар — туристік мақсатпен сапар шекпейтіндер. Бұлар шетелге кәсіптік іс-әрекетпен ақша табуға келетіндер. Оларға: шегелге барып жұмыс іздеп жүргендер немесе сонда жұмыс істеп жүрген адамдар; корші территорияда жұмыс істейтін корші шекара ауданының тұрғындары; тұрақты мекенге қалушылар жатады. Екінші топқа жататындар — уақытша келушілер, олар туристік мақсатпен саяхат жасаушылар. ДТҰ-ның кепілдемесімен статистикалық есепке жеңілдік үшін олар үш блокка топтастырылған: қоңіл котерушілер, кәсіптік ынтасын қанағаттандыру және басқа да туристік мақсаттарды (емделу, транзит, әр түрлі) көздеушілер.

Саяхаттың ұзақтығына қарай уақытша келушілер "таза" туристер және экскурсанттар болып бөлінеді. Турист - бұл бір тәуліктен артық және бір жылдан кем уақытта өзінің тұрғылықты жерінен тыс жерде жүрген адам.

Экскурсант — ол күндізгі уақытта, түнеуге қалмайтын (бір жерге баратын (бір елге немесе тұрғылықты жерге) адам.

Демалыс пен туризмнің дамуының басғы шарты "рекреациялық потенциалдың" болуы. Рекреациялық потенциал дегеніміз бір белгіленген территорияда рекреациялық іс-әрекетті ұйымдастыруға және дамытуға арналған тарихи, тарихи-мәдени, әлеуметтік-экономикалық және басқа да жағдайлардың барлығының жиынтығы.

«Туристік-рекреациялық ресурстар» рекреациялық потенциалдың құрамының маңызды бөлігі, табиғи ортаның компоненті және антропогендік іс-әрекет объектісі деп түсіну керек.

Халықтың рекреациялық қозғалысының қалыптасуы территорияның туристік құндылығына байланысты. Туристік құндылықты мынадай түрлерге бөлуге болады:

1. Табиғи ортаның жағдайына тікелей байланысты демалуға арналған түрлері.

2. Табиғи ортаның ерекшеліктеріне байланысты арнайы түрлері. Олар туризмнің әр түрлерін дамытуға мүмкіндік береді. Мысалы, минералды су мен климат жағдайы жайлы болғанда туризмнің емдік және сауықтыру түрлерін дамытуға болады.

3. Табиғаттың ерекшеліктерімен қатар (қорық, табиғаттың ескерткіштері, тағы сопдайлар), материалдық жөпе рухани мөдсниет элементтері (ескерткіштер, фольклор, мәдениет объектілері), сонымен қатар қоғамның қазіргі жетістікгеріп қамтитын туристік құндылықтың танымдық түрлері.

«Туристік жер» — бұл тұрғын жер (қала, ауыл), оның құндылық жағын, туристік инфрақұрылым мен көлік жағынан ыңғайлылығын ескере отырып, белгілі бір мекенді құрайды. Бірнеше туристік жерлерді бөледі:

- а) демалуға арналған орындар;
- б) курорттар;
- в) танымдық туризм үшін жерлер.

«Туристік орталық» (туризм орталығы) – бұл бөлінген жер, табиғи объект немесе халық тұратын мекендер. Мұнда туристік-рекреациялық ресурстарға байланысты туристік-экскурсиялық қызмет көрсету кешендері құрылады. Оған туристерді орналастыру, тамақтандыру, туристік-экскурсиялық қызмет көрсету мекемелері кіреді.

«Туристік аудан» – туризмнің дамуына арналған бірнеше табиғи, тарихи-мәдени және әлеуметтік-экономикалық жағдайлары бар экономикалық салалы аудан. Осыларға байланысты ауданда туристік іс-әрекеттер басымды болып келеді.

«Рекреациялық игеру» - бұл әр түрлі рекреациялық шараларды өткізу үшін территорияны дайындау процестері.

«Түнеу базасы» туристік шаруашылықтың негізгі элементін құрайды, туристердің түнеуі үшін бұл жерде бірлік объектілер орналасқан. Мұндай базаларды түнеу мекемесіне (туристік қонақ үйлер, туристік базалар, демалыс үйлері, пансионаттар, мотельдер, қонақ пәтерлері) және лагерге (кемпингтер, палаталар қалашығы) бөлуге болады.

Демалушылар мен туристердің азық-түлік пен сусындарға сұранысымен "тамақ базасы" айналысады, олардың құрамына кіретін мекемелер (мейрамхана, кафе, бар, бистро, (буфет, асхана және т. б.).

«Коммуникация базасы» дегеніміз — көлік пен қызмет көрсету.

«Қосымша базалар» мынадай қызметтер көрсетеді: табиғаттың байлығын пайдалану (жағажайлар жасау, суға түсетін орын және т. б.);

спортпен айналысу; көңіл-көтеруді ұйымдастыру; туристік жабдықтар мен сувенирлерлі өндіру; ақпараттық қызмет және басқалар.

«Объектінің немесе территорияның туристерге сыйымдылығы» – бұл түнеу базасының сыйымдылығы (түнейтін орынның саны), қоғамдық тамақтану мекемесі (отыратын орынның саны) және қосымша базалар.

#### **4.5 Туризм тарихын географиялық тұрғыдан оқу**

Демалыс үшін сапарлардың санының артуы урбандалу процесінің өсуі мен XIX ғасырда темір дол көлігінің дамуына байланысты болды. Бұл туристік қасиеттерді, әсіресе демалыс үшін жайлы территорияларға деген қасиеттілікті арттырады.

XIX ғасырда медицинаның дамуы климаттың емдік қасиеттері мен теңіз суының жоғары дәрежеде бағалануына (таулы және теңіз маңы) әкеліп соқты. Темір жолдарының салынуы қасиеттері бар аудандарды туристік сұраныс территорияларына «жақындатты». Ол техниканың дамуы үлкен масштабты туристік инвестицияларға мүмкіндік берді. Бұл кішігірім және белгісіз қоныстардың үлкен теңіз жағалауларындағы демалыс орталықтарына (мысалы, Сопот, Канны, Монте-Карло, Ницца) немесе таулы демалыс орталықтарына (мысалы, Шамони, Давос, Закопане) айналуына себепкер болды.

Демалыс пен туризмді географиялық тұрғыдан зерттеу 19 жүз жылдықтың екінші жартысына жатады. (И.Г. Коль). XIX және XX ғасырларда үлкен қарқынға ие болған қалалардың дамуы географтарды урбандалу мен туристік, курорттық қоныстардың пайда болып, кеңею процесерінің арасындағы тәуекелділікті анықтау мәселесін қарастыруға итермеледі. Сонымен, мысалы, неміс географы А. Геттнер (1859-1941 жж.) мұндай қоныстардың дамуын ең алдыменен қалада халықтың шектен тыс шоғырлануымен, сондықтан да олардың рекреациялық қажеттіліктерінің артуымен байланыстырды.

«Туризм географиясы» деген терминді ең алғаш 1905 жылы Д. Страднер қолданды. Оның ойынша, бұл ғылым туристік қозғалыс пен оның шаруашылық іс-әрекетін зерттеумен айналысуы керек. Сонымен қатар, туристік лайықтылық пен сол жердің аттрактивті қасиетін анықтау керек. Туристік құбылыстардың экономикалық аспектісіне географтар XIX ғасырдың өзінде-ақ көңіл бөлген, алайда бұл мәселенің нақты талдауын тек К. Шпютцтың еңбегінде табуға болады.

Автор еңбегінде туристерді қабылдаушы елдер мен айтақтарының экономикалық, қоғамдық және мәдени қаныастарының өзгеруіндегі туризмнің үлкен ролін атап көрсеткен.

Шпютц еңбегінде «қонақ үй кәсібінің» дамуының әсерінен жүзеге асқан туристік қоныстардың кеңістіктік дамуына және қоныстардың

түрінің өзгеруіне көп орын бөлген. Сонымен қатар, ол туристік қозғалыстың әсерінен болатын табиғи, мәдени ландшафтыдағы өзгерістерді зерттеу қасиеттілігіне назар аударды.

Демалыс пен туризмді географиялық тұрғыдан зерттегенде негізінен, ең алдыменен ішкі, әсіресе халықаралық туристік ағымға көңіл аударды, сонымен қатар жергілікті жерді туристік жағынан игеруге де көңіл қойылды.

30-шы жылдары туризм географиясының әлем бойынша қатты дамуына мүмкіншіліктер туады, әсіресе, Германияда (Р. Глюксман, А. Борман, Х. Позер), Францияда (Д. Мидж), Швейцарияда (В. Унцикер), Жапонияда (М. Сато, К. Мисава, Танака, Осаки), сондай-ақ АҚШ-та (Р. Браун, К. Мак-Мерри).

Осындай зерттеулерге байланысты Берлинде 1929-1934 жылдары туризмді зерттеу Институты ашылады.

Дәл сонда С. Лещицкийдің алғаш туристік географиямен туризм географиясы дейтін түсінікті ғылыми түрде дәлелдейтін теориялық жұмыстары жарық көрді, ол географиялық әдебиеттердің өміріне туризм деген терминді еңгізді. Сол кезде туризм географиясының дамуында туризм деген түсінік үлкен роль атқарды. Ол теориялық, шаруашылық, географиялық, статистикалық, құқықтық, мәдени және қоғамдық мәселелердің жинағы ретінде туристік қозғалыспен байланысты.

Табиғи ортаның жағдайларына Р.Глюксманн көп көңіл бөлген. Оның туристік проблематикалық кең диапазонын қамтитын еңбегін туризм туралы қазіргі ғылымның ең негізгі туындысы деп есептейді. Ол физикалық географияның зерттеулерінің бөлшектеріне кірмей, табиғи жағдайлардың туризмнің дамуына әсер етуіндей заңдылықтарды дәлелдеуге тырысқан. Ол ең маңызды рольді климаттық жағдайлар атқарады деп есептеген. Оған қоса, орман жамылғысы, жер беті суларының торларын ландшафттың онды қасиеттерін аттыратын элемент ретінде қарастырады.

1937-1939 жж. неміс географтарының нақты туристік аймақтар туралы еңбектері жарық көре бастайды. Х. Гассманнның жұмысы Гарц тауларының батыс бөлігін қамтыса, Х. Дэблердің еңбегінде мекленбургтік теңіз жағалауындағы шипажайлар сипатталған, сонымен қатар Х. Позердің Крконошадағы туристік қозғалысты қарастыратын жұмысын да атап кеткен жөн.

II Дүниежүзілік соғыс туризм географиясы саласындағы ғылыми зерттеулерді тежейді. Алайда, мұндай зерттеулер соғыс бітісімен-ақ қайта басталады, себебі сол кездері туристік қозғалыс үлкен қарқынмен дами бастайды.

II Дүниежүзілік соғыстан кейін туризм географиясының даму орталығы Франция және АҚШ болды, 1970-шы жылдардан бастап, сондай-ақ КСРО, Канада, Австрия, Ұлыбритания, Австралия, Жапония,

Чехословакия, Югославия, Болгария, Германия, Польша солардың қатарына енді.

1945-1960 жылдардың арасында жаңа термин – демалыс географиясы пайда болып, ол туризм географиясы және рекреация географиясымен қатар қолданыла басталды.

1950 жылдардың аяғында Америка әдебиеттерінде жаңа түсінік – «таза ауадағы рекреация» дейтін сөздік пайда болды. Бұл терминді М. Клаусон енгізді. Бұндай демалыс деп қала сыртындағы ашық аспан астында демалуды атайды екен.

1949 жылы туризмнің ғылыми сарапшыларының халықаралық ассоциациясы атты халықаралық ғылыми қоғам құрылады (Association Internationale Experts Scientifiques du Tourisme). Оның орталығы Бернде (Швейцарияда) болады. Бұл ұйым өзінің елінде туристтік мәселелермен айналысатын әйгілі ғылыми жұмысшылардың басын қосты.

Эрине, Монте-Карлода құрылған Халықаралық туризм Академиясы жөнінде де атап кеткен дұрыс (Akademie Internationale du Tourisme (AIT)). Бұл ұйым 1956 жылы халықаралық туристтік сөздікті басып шығарады. АIT іс-әрекетінің басты мақсаты туризмнің географиялық негіздерін қамтитын ғылыми зерттеулерді өткізу. Бұл зерттеулердің қорытындылары – олардың жеке басылымы «Revue de Akademie Internationale du Tourisme» де шығып отырды. Оның беттерінде туризм географиясы бойынша да көптеген жұмыстар басылды.

Германия Федеративті Республикасында соғыстан кейінгі жылдары туризм географиясының дамуына 2 ғылыми орталықтың маңызды әсері болды. 1950 жылы Мюнхендегі университеттің жанынан құрылған – Неміс экономикалық туризм институты (Deutsche Wirtschaftswissenschaftliche Institut für Fremdenverkehr), сонымен қатар 1952 жылы Франкфурт-на-Майне университеті негізінде ашылған туризм институты (Institut für Fremdenverkehrswissenschaft).

Туристтік шаруашылықтың дамуымен туристердің санының өсуі 1960-шы жылдардан бастап жағдайы жақсы жерлерді игерумен қатар, қолайсыз территорияларды да игеруге көше бастады. Бұл жылдары КСРО-да демалыс пен туризм орындарын аудандарда кең түрде жоспарлау етек ала бастады.

Б.Ц. Преображенский және Ю.А. Веденин КСРО-дағы туризм туралы ғылымның өтіп шыққан жолдарын қорытындылай келе мынадай 4 кезеңді көрсетеді:

(1968-1972 жж.) рекреациялық географияның базистік моделінің құрылуы.

(1973-1978 жж.) Базистік моделінің күшін аймақтық материалдарда тексеру.

(1979-1982 жж.) уақыттық әдісті кеңістіктік уақыттың талаптарға өту базасы ретінде ашу.

(1983 және кейінгі жылдар) рекреациялық географияның кеңістікті теориясын құруға өту.

Қазақстандағы демалыс пен туризм географиясы облысындағы зерттеулер ХХ ғасырдың 70-ші жылдары басталды. Ғылыми-зерттеу және жобалық жұмыстар жүргізуді алғашқы рет Мемлекеттік жобалау институты – «Казгипроград» бастады. Ол кездері онда маманданған сәулетшілер, географтар, экономистер, инженерлер мен басқа маман өкілдерінің ұжымы қалыптасып үлгерген еді.

Туризмнің барлық елдерде қарқынды дамуы бұл құбылыста географиялық талдау қажеттілігінің артуына себеп болды.

#### **4.6 Туристік ұйымдардың түрлері**

Халықаралық туризм жекелеген елдердің өмірінде әлеуметтік-экономикалық қатынастарды сипаттамасы және бір уақытта халықаралық қатынастардың құрамдас бөлігі бола отырып мемлекет сияқты, халықаралық деңгей шегінде де туристік-экскурсиялық қызметтің барлық кешенін ұйымдастыруда және басқаруда қажетті алғы шарттар болып табылады. Мұндай алғы шарттар, көбінесе, туристік ұйымдарды құру кезінде жүзеге асырылады.

Туристік ұйымдарды келесі белгілер бойынша жіктеуге болады:

- Ұлттық-аймақтық белгі бойынша: халықаралық, аумақтық және ұлттық ұйымдар. Олардың қызметі бүкіл әлемдік, аумақтық және ұлттық сипатқа ие.
- Қоғамдық-мемлекеттік бойынша: өкіметтік, қоғамдық, жеке меншіктік.
- Қызмет түрі бойынша: реттеуші, жабдықтаушылар, нарық агенттері, өңдеушілер, кеңес берушілер, жобалық ұйымдар, оқытушы ұйымдар, баспашылар, кәсіптік ассоциациялар, саудалық және тұтынушылық ұйымдар.
- Қызмет сферасы бойынша: көліктік (авиациялық, автобустық, темір жол, автомобиль және круиздік), туристік агенттер, туроператорлар, жергілікті (локальді) кәсіби одақтар.

Халықаралық туристік айырбасты тұрақты түрде кеңеюі оның халықаралық-құқықтық регламентациясына; әртүрлі құқықтық институттарды өңдеуге және мамандандырылған халықаралық туристік ұйымдарды құруға қажеттілікті тудырды.

#### ***Дүниежүзілік туристік ұйым (ДТҰ)***

Бүгінгі күнде *дүниежүзілік туристік ұйым* – туристік әлемде ең атақты және танылған. Дүниежүзілік туристік ұйым өкіметтік емес ресми туристік ұйымдардың халықаралық одағының (РТҰХО) Біріккен Ұлттар Ұйым патронажындағы өкіметаралық ұйымға ауысуы жолымен 1975 жылы 2

қантарда негізі қаланды. Қазір оның мүшелілігіне 105 мемлекет, бірнеше ассоциацияланған және 150 астам қосылған мүшелер (туристік фирмалар, авиакомпаниялар, халықаралық ұйымдар) кіреді.

ДТҰ-ның жарғысы 1975 жылы 27 қыркүйекте қабылданды. 1980 жылдан бастап бұл күн «*Дүниежүзілік туризм күні*» деп есептелінеді. Жыл сайын дүниежүзілік туризм күні белгілі-бір ұранмен жүргізіледі. 4 жыл сайын ДТҰ Бас ассамблея сессиясын ұйымдастырады, олардың арасында ДТҰ Бас ассамблеясының атқарушы комитеті жұмыс істейді.

ДТҰ-ның штаб-пәтері Мадрид қаласында (Испания) орналасқан.

ДТҰ келесі мақсаттарды көздейді:

- Туризмнің дүние жүзінде тыныштыққа, өзара түсунушілікке, адамдардың денсаулығына және гүлденуіне әсерін жылдамдату және кеңейту;
- Саяхат уақытында білім алуға және мәдениетке адамдардың қол жетуіне көмектесу;
- Шетел туризмі үшін қажетті материалдық-техникалық базасын қамтамасыз етуде көмек арқылы әлемнің аздап дамыған аудандарында тұру және кему стандарттарын жақсарту және бұл аудандарды байланыстыратын көлік жолдарын дамыту;
- Туристерді қабылдайтын елдердің мүмкіншіліктерін кеңейту және осыменен олардың экономикасына үлес қосу;
- Мемлекет арасында бағдарлау және ыңтымақтастық бойынша халықаралық агенттік ролін атқару;
- Туризм саласында ұлттық ұйымдардың кеңесі үшін ең маңызды деген мүшелеріне қызмет көрсету;
- Пленум және отырыстардың тақырыптарын анықтау, сондай-ақ қатысушы-мемлекеттің туристік мүдделерін бағдарлау (ұлттық туристік ұйымдар сияқты, саяхаттанушылардың мүдделерін білдіретін кәсіптік секторлар және ұйымдар);
- Туроператорлардың әртүрлі бірлестіктері арасындағы тұрақты өзара байланысты орнату;
- Барлық жоғарыда аталған шараларды ең оңай жолымен жүзеге асыру.

ДТҰ-ның қызметі негізінен туризмнің ақпараттық жылжуына, оның маңыздылығы мен артықшылықтары кеңейтуге, сондай-ақ жаңа материалдық-техникалық базаны құруға шоғырланады. Ұйым халықаралық туризм саласында белгілі-бір қағидаларды өңдеу және еңгізу жолымен туризмдегі әртүрлі ұлттардың іс-әрекетін тәртіптендіруге ұмтылады.

ДТҰ Бірікке Ұлттар Ұйымындағы туризмнің негізгі өкілдігі болып табылады және әлемдік туризмнің ең авторитетті органы ретінде әрекет етеді. Одан басқа ДТҰ халықаралық құжаттарды (актілерді) өңдейді және олардың орындалуын бақылайды.



ДТҰ қызметінің басқа аспектілері өзіне туризмге әсер ететін мемлекеттер арасындағы сұрақтарға қатысты ынтымақтастықты ұйымдастыру және ынталандыруда мемлекет дамуына көмектесуді қосады.

ДТҰ-ның маңызды міндеттерінің бірі – халықаралық туризм бойынша статистиканы зерттеу, жаңа өлшеу әдістерін жасау, болжау, өңдеу және маркетинг сияқтыларды қосатын зерттеулер. Мұның бәрін туристік ұйымдар өзінің қызметінде қолдануы мүмкін. Зерттеуші қызметі статистика әдістерінің артуына әкеледі.

ДТҰ әлемдік туризмнің жағдайы туралы тұрақты есеп беріп тұрады, онда туристік индустрияның әрі қарай дамуының жетістіктері сияқты, кедергілерді ескереді. ДТҰ халықаралық туризмге өкіметтік араласуын болдырмау немесе шектеу арқылы әлемдік туризмге әрекет етуге талпынады. ДТҰ мемлекеттер дамуын, әсіресе БҰҰ – мүше елдеріне техникалық қолдауды қамтамасыз етеді.

ДТҰ қызметіндегі ең атақты оқиға – 1980 жылы 27 қыркүйекте Манилада (Филлипины) болған туризм бойынша дүниежүзілік конференцияның өткізілуі. Туризм бойынша дүниежүзілік конференцияға шақыру туралы шешімді ДТҰ-ның 2-ші сессиясының Бас ассамблеясы (мамыр 1977ж.) Қабылдады. Конференцияда туризмнің дамуына мемлекеттердің жауапкершілігінің сұрақтары (әлеуметтік-экономикалық шарттар, мақсаттары және міндеттері, факторлар) және адам - өзінің демалысын ұйымдастырушысы; сұраныс пен ұсынысты реттеу; туризм саласында ғылыми-техникалық ынтымақтастық, туризм индустриясына кадрларды дайындау сияқты өзекті мәселелерді қарастырады. Қорытынды құжатта талқылау барысында бірлесе өңделген ұсыныстар сипат алған. Бұл құжат әлемдік туризм бойынша *Манильдік декларация* деп аталды. Конференцияға 100 астам мемлекеттің өкілдері қатысты.

#### ***Әуе көлігінің халықаралық ассоциациясы (ӘКХА)***

Әуе көлігінің халықаралық ассоциациясы – 1919 жылы негізі қаланған және 1945 жылы II дүниежүзілік соғыстан кейін қайта құрылған барлық халықаралық авиа-тасымалдаушылардың дүниежүзілік ұйымы. ӘКХА – халықаралық рейстерді жүзеге асыратын авиациялық компаниялардың кәсіби ассоциациясы болып табылады. Оның басты қызметі – халықаралық коммерциялық авиациялық хабарларды реттеу, барлық мүшелеріне біртұтас ерержелер пен процедураларды еңгізу және халықаралық маршруттарға жолаушылар авиатасымалдарына келісімді тарифтерін орнату.

ӘКХА –ның жоғарғы органы – жыл сайынғы Бас ассамблея, оған президент және атқарушы орган сүйенеді.

ӘКХА мақсаты – азаматтық авиация халықаралық ұйымдарының саясатын жүзеге асыру.

ӘКХА – бұл әуе тораптар маршруттарының әртүрлі комбинацияларын пайдалана отырып бір елден басқа елге адамдарды, пошталарды және жүктерді жеткізуге әрекеттесу. ӘКХА көліктік конференциясында

қабылданған резолюциялар тек билеттерге ғана емес, сондай-ақ жол қағаздарына, жүк құжаттарына да қатысты.

Тарифтерді орнату - ӘКХА жұмысының маңызды құрамдас бөлігінің бірі. Барлық авиакомпаниялар арасында тарифтерді белгілеу қажеттілігі – бұл бір уақытта саясат, тәжірибие болып табылады, өйткені халықаралық авиакомпаниялары иелерінің – мемлекет өкіметімен бақыланады. Әрбір ел - өзінің кеңістігінің иесі, ол өзінің территориясына кіруге тыйым салу немесе рұқсат беруі мүмкін және өзіне ыңғайлы шарттарды қоюына болады.

ӘКХА – ның мүшелеріне - халықаралық әуе сапарларын жасайтын 259 авиакомпаниялар кіреді. Бұл авиакомпанияларының үлесіне халықаралық тұрақты хабарламалардың 95 %-не жуығы келеді.

ӘКХА – ның мүшесі және конференция қатысушысы болуы үшін авиакомпанияларының өкімет беретін, халықаралық азаматтық авиация ұйымына да келетін, тұрақты тасымалдауды растайтын сертификаты болуы керек.

ӘКХА бүкіл жер шарының аумағын 3 үлкен аймаққа бөледі:

1. Солтүстік және Оңтүстік Америка және халықаралық линиядан шығысқа қарай тынық мұхиттық аймақ бөлігі;
2. Еуропа, Африка және Таяу Шығыс;
3. Азия, Австралия және халықаралық линиядан бастыға қарай Тынық Мұхиттық аймақ бөлігі.

Туристік агенттіктер ӘКХА – ның қызметіне оның арнайы бөлімшесі – авиакомпаниялар агенттіктерінің халықаралық ұйымы арқылы қатысады. Аккредитация процедурасынан өткен және тиісті белгілі-бір талаптарға сәйкес келетін әрбір турагенттікке – визиттық карточканың бір түрі ретінде номер беріледі және ол авиакомпаниямен және басқа салаларының қатысушыларымен есеп айырысуды жүзеге асырғанда пайдаланылады.

#### ***Азаматтық авиацияның халықаралық ұйымы (ААХҰ)***

Азаматтық авиацияның халықаралық ұйымы 1944 жылы Чикаго конвенциясымен белгіленді. Бірікке Ұлттар Ұйымының эгидасымен жұмыс істейді. ААХҰ қызметі әуе көлігі индустриясының қызметіне қатысты ұлттар тепе-теңдігіне негізделеді.

ААХҰ басты міндеті – халықаралық стандартқа және нормаларға сәйкес авиатасымалының қауіпсіз, мамандандырылған және экономикалы тиімді халықаралық нарықтарын дамыту және қамтамасыз ету болып табылады.

Ұйым келесі мақсаттарды көздейді:

- бүкіл әлемде халықаралық азаматтық авиациясының өсуін және дамуын басқару және қауіпсіздігін қамтамасыз ету;
- сыртқы ортаны қорғау есебінен әуе құралдарын құру және пайдалану процестерін қолдау және көтермелеу;
- әуежайларды, халықаралық авиация қажеттілігінің шарттарын құруды қолдау және көтермелеу;

- авиакөлікке адамдардың негізгі талаптарын тиісті жақсы орындау; қауіпсіздік, қызмет көрсету сапасы, сапарларды реттеу, үнемділігі;
- әртүрлі елдердің авиакомпаниялары арасындағы негізсіз қақтығыстарды болдырмау бойынша экономикалық шараларды көтермелеу;
- ААХҰ мемлекет- қатысушыларының құқықтары толығымен сақталатынына қол жеткізу және әрбір елдің халықаралық авиакомпанияны иемденуге және басқаруға нақты мүмкіншілігі бар екендігіне қол жеткізу;
- ААХҰ мемлекет-қатысушылары арасындағы дискриминацияны болдырмау.
- ААХҰ мүшелілігіне 183 мемлекет кіреді. ААХҰ келесі ұйымдармен тығыз қатынаста жұмыс істейді:
  - Халықаралық ақпараттық одақ;
  - Дүниежүзілік метеорологиялық ұйым;
  - Электр хабарларының (коммуникация) халықаралық одағы;
  - Дүниежүзілік пошталық одақ;
  - Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы;
  - Халықаралық теңіз ұйымы.

#### **Аймақтық ұйымдар**

##### ***Экономикалық ынтымақтастық және дамыту ұйымы (ЭЫДҰ)***

Экономикалық ынтымақтастық және дамыту ұйымы Парижде бекітілген 1960 жылы 14 желтоқсандағы қаулы бойынша құрылды. Қаулыға сәйкес бұл ұйым келесі мақсаттарды жүзеге асыру үшін құрылды:

- қаржылық тұрақтылықты бақылау жолымен ЭЫДҰ мүшелдердің үзіліссіз экономикалық дамуы және өсуінің, сондай-ақ тұрғындардың жұмыспен қамтамасыз етуінің, өмір деңгейін көтерудің жоғарғы қарқынына жету және осының салдарынан – әлемдік экономика дамуына үлес қосу;
- ЭЫДҰ –на кіретін және кірмейтін елдердің экономикалық дамуына жағымды әсер ету.
- халықаралық міндеттемелерге сәйкес көпжақтық, дискриминацияланбаған негізде әлемдік сауданы дамыту.

ЭЫДҰ мүшелілігіне: Австралия, Австрия, Бельгия, Канада, Дания, Финляндия, Франция, Германия, Греция, Исландия, Ирландия, Италия, Япония, Люксембург, Нидерланды, Жаңа Зеландия, Норвегия, Португалия, Испания, Швеция, Швейцария, Туркия, Ұлыбритания, АҚШ.

ЭЫДҰ туристік комитет туризм мәселесін зерттеу жолымен ұйым мүшелерінің және Югославияның туризмін дамытуға әрекеттеседі. Туристік комитет статистика және жыл сайынғы есеп беруді құрастыру әдістерін және стандартты анықтамалардың сақталуына белсенді ат салысады.

##### ***Азиаттық-Тынық мұхит туристік ассоциациясы (АТМТА)***

Ассоциация 1951 жылы азиаттық-тынық мухиттық бағыттарды алға жылжыту және әрекеттесуді дамыту үшін құрылды. Бұл ассоциацияға Азиаттық-Тынық мухит аймақтағы 34 ел кіреді. Олар бір мақсатқа жету үшін бірікті: бұл үлкен аймақты туризм және саяхатты дамытуда жетістіктерге жету. Бұл ұйыммен жүргізілетін жұмыстар, зерттеулер, даму, білім, және маркетинг бағдарламалары арқылы туризмді жылжытуға бағытталған. АТМТА ұқсас халықаралық ұйымдар арасында ең жақсы орындаушы репутациясына жетті.

Ұйым мүшелері идеялармен алмасады, мәселелерді шешу жолдарын іздейді, Азиаттық және Тынық мухит аймақтарында туризм болашағының жұмысына қатысады. Ассоциациядағы мүшелер саны 2 мыңға жуық. Құралғаннан бастап Ассоциация туризммен байланысты маркетинг, зерттеу, өңдеу, білім беру және басқа қызмет түрлері саласынан өзінің мүшелері үшін нақтылы және уақытылы ақпараттың маңызды бір көзі болып табылды.

АТМТА қызметі және оның ұзақ мерзімді жоспарлары жыл сайынғы Ассоциация конференциясында тексеріледі және бағаланады.

Менеджмент, маркетинг, өңдеу және зерттеу бойынша ұйымдасқан комитеттер Ассоциациялық бағдарламаларын жүзеге асырады. Баспа бөлімі көптеген есеп берулерді, зерттеу материалдарын және кезекті басылымдарды жариялайды. Негізгі басылым – «Тынық мухиттық туристік жаңалықтар» - 58 мың дана тиражымен шығатын 3 аймақтық басылымдары бар ай сайын шығатын журнал. Баспа материалдарының арасында 80 % аналитикалық цифрлі мәліметтер және фотосуреттер құрайды.

АТМТА Секретариаты Сан-Францискода (Калифорния) орналасқан. Қызмет көрсетудің негізгі кеңселері Азиаттық аймақтың – Сингапурде; Тынық мухиттық аймақтың – Сиднейде; Америка – Еуропалық бөлікте – Сан-Францискода.

## **Ағымдық бақылауға арналған тақырыптар бойынша дайындық сұрақтары**

1. Барлық өз дәуіріне белгілі саяхаттар мен ашуларды суреттеген көне дәуірінің авторы кім болған?
2. Сарыбас Эриқтың қандай еңбегі үшін аты белгілі болды?
3. Қандай себептен ибн Баттута ұлы араб саяхатшысы мен ғалымы болып аталады?
4. Жер туралы білімдердің дамуына өзінің үлесін қосқан қандай саяхатшыларды білесіздер?
5. «Граффити» деген не? Туризмге оның қандай қатынасы бар?
6. Саяхат пен туризм арасында қандай айырмашылықтар бар?
7. Туризмнің пайда болуын қандай дәуірге жатқызуға болады? Оны қалай дәлелдеуге болады?
8. Туризм қандай дәуірлерге бөлінеді? Авторлары кім?
9. Алғашқы туристік саяхаттардың мақсаттары қандай болған?
10. Жол тораптарының туристік саяхаттарды дамытудағы маңызы қандай?
11. Ежелгі Грекиядағы туризм дамуының ерекшеліктері қандай?
12. Геродот пен Страбон туралы айтып беріңіз. 5. Ежелгі Римде туризмнің қандай түрлері дамыған?
13. Секвий Локат деген кім және аты қандай себептен белгілі болған?
14. Ежелгі Римде қандай тасымалдау қызметтері атқарылған және оларды кім атқарған?
15. Ең алғашқы қандай жолнамаларды білесіздер?
16. Ежелгі Римдегі ең атақты шипалы шомылу орындарын атап шығыңыз.
17. Ежелгі Римдегі білім алу туризмінің дамуы туралы айтып беріңіз.
18. Ұлы Жібек Жолы жайлы әңгімелеп беріңіз.
19. Қандай ең әйгілі орта ғасырлық еуропалық саяхатшыларды білесіз?
20. Марко Поло саяхаттары туралы әңгімелеп беріңіз.
21. 14.Ибн Баттута саяхаттары туралы әңгімелеп беріңіз.
22. 12.Генрих Теңізшінің Ұлы географиялық ашулар дәуіріндегі рөлі қандай болған?
23. Христофор Колумбтың «Үндістан жолын іздестіруі» жөнінде айтып беріңіз.
24. Америго Веспуччидің Жаңа Әлем орнатылуындағы рөлі қандай болған?
25. Американы шынында, бірінші болып ашқан саяхатшылар туралы айтып беріңіз.
26. Фернан Магеллан саяхаты қандай ғылыми тұжырымды дәлелдеді?

27. Ортағасырлық Еуропадағы емдік туризм ерекшеліктері қандай болған?
28. Орта ғасырлар дәуіріндегі жолдар мен көлік құралдары қандай болған?
29. Орта ғасырлардың қандай жолнамаларын білесіз?
30. Рессордың пайда болуы көлік дамуына қандай әсер тигізді?
31. Орта ғасырлық Еуропадағы қонақүй кәсібінің дамуы туралы айтып беріңіз.
32. XVII ғасырдағы Еуропаның қысқы және жазғы демалысының курорттық жерлері мен орталықтарын атап шығыңыз.
33. Еуропа альпинизмінің басталуы туралы айтып беріңіз.
34. АҚШ-ғы қонақжайлық орындары қалай аталған және арасында қандай айырмашылықтар болған? Олар немен белгілі?
35. Петр «О дохтырских правилах» жарғысының мағынасы неде және қашан жарияланды? Оның маңызды болу себебі неде?
36. Франция жолнамасы қашан жарық көрді, оның авторы кім болған, оның мазмұнына қандай мәліметтер кірген?
37. XVII ғасырдың бірінші жартысындағы голланд теңізшілерінің ең белгілі ашуларын суреттеп беріңіз.
38. Дж.Кукты неге ең атақты саяхатшы-жер ашушы деп құрметтейді?
39. XVIII ғасырда емдік туризм аясында қандай жаңа бағыт пайда болды?
40. Қазақстанда туризм саласындағы жобалау-іздістіру жұмыстары қашан және қай жерде өткізіле бастады?
41. Еліміздегі демалыс пен туризм дамуын жобалау бойынша «Казгипроградтың» ең маңызды жұмыстарын атап беріңіз.
42. «Казгипроград» жұмыстарынан басқа қандай маңызды жобаларды білесіз? Олар қашан орындалды?
43. Неге туризм географиясы туризм зерттеулерінде жетекші ғылыми бағыты болып есептеледі?
44. Қандай себептен әл-Фараби атындағы ҚазҰУ туризм мәселелерінің ғылыми зерттеулерінің орталығына айналды?
45. Қазақстанның тағы қай жерлерінде туризм мәселелерінің зерттеулері жүргізіледі? Жетекші ғалымдары атап беріңіз.
46. Қазақстанда қандай туристік карталар шығарылды?

## ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Вуколов В.Н. История и теория международного туризма. – Алматы, 2002.-221 с.
2. Долженко Г.П. История туризма в дореволюционной России и СССР. – Ростов-на-Дону, 1988.
3. Ердаuletов С.Р. История туризма. Развитие и научное изучения. – Алматы, 2003. – 215 с.
4. Накатков Ю.С. История туризма Казахстана. – Алматы, 2001. – 196 с.
5. Шаповал Г.Ф. История туризма. – Минск, 1999. – 303 с.
6. Биржаков М.Б. Введение в туризм. М., СПб., 1999. 192 с.
7. Воронкова Л.П. История туризма и гостеприимства. Уч.пособие. – М.: ФАИР-ПРЕСС, 2004. – 304 с.
8. Дворниченко В.В. Развитие туризма в СССР (1917-1983 гг.). – М., 1985.
9. Ердаuletов С.Р. География туризма: история, теория, методы, практика. – Алматы, 2000. – 336 с.
10. Усыскин Г.С. Очерки истории российского туризма. СПб., 2000. – 224 с.
11. Соколова М.В. История туризма. – М, 2002. – 352 с.

Демеуова Б.М.

Туризм тарихы

Оқу-әдістемелік құрал

Пішімі 60x84, 1/16.  
Тығыздығы 80 г/м<sup>2</sup>.  
Көлемі 3.26